



# Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№35 (10 186)

8 қыркүйек

жұма

2023 жыл

aksuoniri@mail.ru

## ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ  
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



**Құрметті отандастар!**  
**Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!**  
Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-шы бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

**Құрметті депутаттар!**  
Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Жауапты қызметтеріңізге табыс тілеймін!  
Көктемдегі сайлаудан кейін Парламенттегі саяси партиялардың қатары көбейді. Депутаттар құрамы айтарлықтай өзгерді. Саяси партиялардың фракциялары, бір мандатты округтан сайланған депутаттар да жұмысқа белсене кірісті. Олар көптеген заң жобасына бастамашылық етіп, өзекті мәселелерді батыл көтере бастады.

Депутаттарымыз жазда да көп жұмыс атқарды. Небәрі екі айда 1200-ден астам елді мекенді аралап, сайлаушылармен кездесті, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Мен баршаңызға табысты қызметтеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа сессияда жұмыс қарқыны бұдан да жоғары болады деп ойлаймын.

**Құрметті отандастар!**  
Баршаңызға мәлім, мен жыл сайын халыққа Жолдауымды Парламент сессиясының ашылуында жариялаймын. Бүгінде бұл жақсы дәстүрге айналды. Мұның айрықша мәні бар.

Себебі дәл осы сәтте және дәл осы жерде билік тармақтарының барлық өкілдері бас қосады. Алдағы орта мерзімдік жұмыстың бағыт-бағдары айқындалады. Нақты тапсырмалар беріледі, жаңа міндеттер жүктеледі. Парламент, Үкімет және басқа да құзырлы органдар тың қарқынмен іске кіріседі. Бір сөзбен айтсақ, мемлекеттік аппараттың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі үшін бұл іс-шара өте маңызды.

Бүгінде менің бастамаларымның басым көпшілігі жүзеге асты. Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді.

Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады.

Өздеріңізге мәлім, былтырдан бері елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары жүргізілді. Небәрі бір жарым жылдың ішінде көптеген өзгеріс жасалды. Оған баршаңыз куә болдыңыздар, реформаны жүзеге асыру үшін белсенді түрде жұмыс істедіңіздер.

(Басы. Жалғасы 2 - 3 - 4 - 5-беттерде).

## Ертең Ақсу ауданының мәдениет күні!

### КИЕЛІ ЖЕРДІҢ ЖҮЙЕЛІ ЖЕТІСТІГІ



**Құрметті ақсулықтар, аудан тұрғындары!**

Сіздерді аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат депутаттары атынан ауданымыздың мәдениет күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Ақсу өңірі – небір ақындар мен батырлар туған, тасын қопарсаң тарихы сарнап қоя беретін аты аңызға айналған аймақ. өзіміздің туып - өскен құтты мекеніміз. Өткені мен бүгінгісі - ертеңіне ұласқан киелі жеріміз Жерұйығы Жетісудың табиғи көркемдігімен де аса ерекшеленеді. Бұл өлке тарихи жәдігерлерге де бай.

Бүгін "Жер жанаты - Жетісу"



және "Еңбек айшықтары" атты қазақ тарихы мен аудан тарихы және мол мәдени мұраларымызға арналған көрмеде ауданымыздың әр саласында жеткен биіктеріміз көрсетіліп, "Ақсу халық театрының" театрландырылған композициялық қойылымында ауданнан шыққан тұлғалар, соның ішінде ақын Сара апамыз туралы сыр шертеді.

Бүгін біздің барлық жеткен жетістіктеріміз көзге көрінетін күн. Ауданымыздың мәдениет күні - Ақын Сара Тастанбекқызының 170 жылдығына арналады. Ендеше бүгін Ақсу өңірінің айшықты да айғақты деректері: ауылшаруашылығы саласы, білім

саласы, спорт, өнер саласы, Ақсудың өркендеуіне үлес қосқан еңбек, өнер майталмандары, спортшылары, еңбекшілері, әнші – ақындары жайлы мағлұматтар нақты деректермен айтылып, айшықталып, көркемделіп көрсетіледі.

Келіңіздер, көріңіздер. жетістіктеріміздің куәсі болыңыздар! Мереке құтты болсын!

**Берік Тынышбайұлы**  
**ТЫНЫШБАЕВ,**  
аудан әкімі.  
**Бейбіт Жаңылысұлы**  
**СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
аудандық мәслихат төрағасы.



## "ЖЕР ЖАНАТЫ - ЖЕТИСУ" АТТЫ АҚСУ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

**ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!**  
СІЗДЕРДІ 2023 ЖЫЛДЫҢ 9 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ САҒАТ 10:00 - ДЕ ЖАНСҮГІРОВ АУЫЛЫ, Е.СИҚЫМОВ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ СТАДИОНДА ӨТЕТІН "ЖЕР ЖАНАТЫ - ЖЕТИСУ" АТТЫ ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІНІҢ МЕРЕКЕЛІК ШАРАСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ.

КЕЛІП МЕРЕКЕЛІК ШАРАҒА ҚАТЫНАСЫП, АУДАНЫМЫЗДЫҢ ЖЕТИСТІКТЕРІНЕ КУӘ БОЛЫҢЫЗДАР.

**БАҒДАРЛАМАДА:**

10:00 - 10:30 "ЖЕР ЖАНАТЫ - ЖЕТИСУ" ЖӘНЕ "ЕҢБЕК - АЙШЫҚТЫ ӨРНЕК" АТТЫ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ МЕН МОЛ МӘДЕНИ МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН КӨРМЕ.

10:30 - 11:30 АУДАН МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ, ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ.

**БАСПАСӨЗ - 2023**

## АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

АУДАНЫНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!


"Ақсу өңірі" газетіне жарты жылдық жазылу бағасы - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 65750

## Қыстың қамын жазда ойла

Алдағы 2023-2024 жж. жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды-тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын-ала жаз-күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ.



# ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН  
ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Өңдеу өнеркәсібі шикізатты көңілге қонымды бағамен жеткілікті көлемде алуы керек.

Сонымен бірге реттелетін сатып алу кезіндегі өз тауарларымыздың үлесін арттыру және офтейк жүйесін толық іске қосу қажет. Еліміздегі өнім өндірушілермен жасалатын офтейк келісім-шарттардың үлесін кемінде 10 пайызға жеткізу керек. Бұл – жыл сайын 2 триллион теңге деген сөз.

Мен былтыр қолданыстағы жүйенің бітпейтін дау-дамай, жұмыстың ұзақ мерзім, ашық еместігі сияқты түйткілді мәселелерін шешу үшін жаңа мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізуі тапсырдым. Үкімет жаңа заң жобасын әзірледі. Бұл құжат бюджет қаржысын үнемдеп әрі есеп бере отырып жұмсауға септігін тигізуі керек.

Бір жағынан жаңа жүйе еліміздің кәсіпкерлеріне одан әрі қолдау көрсетуін және ең бастысы, қордаланған мәселелердің бюджеттен қаржыландыру арқылы шұғыл шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Сатып алу үдерісі оңтайланып, қысқартылады, «баға емес, сапа» қағидатына басымдық беріледі, яғни, демпингке тиімді тосқауыл қойылады және үдерістер толық автоматтандырылады. Мемлекеттік сатып алу жүйесіне алғаш рет «басынан бақайшағына дейін» жасау тәсілі енгізіледі.

Жұмыстың ашық болуын арыз-шағымдарды қараудың жаңа тәсілін қолдану және қоғамдық мониторинг институтын енгізу арқылы қамтамасыз еткен жөн.

Соның нәтижесінде алдағы үш жылдың ішінде реттелетін сатып алу саласындағы жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесі кемінде 60 пайызға жетуге тиіс.

Қазір көптеген елдер ішкі нарықты қорғау шараларын белсенді қолданады. Дамыған мемлекеттердің өзі протекционистік өнеркәсіп саясатына көшті.

Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауынша, біздің елдегі ішкі нарықты қорғау деңгейі төмен, небәрі 128 тарифтік емес шара. Сондықтан біз сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасауымыз керек.

Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл – біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек.

Қазақстанда кең өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны баршаңызға белгілі. Осы сала ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ететін сенімді табыс көзі болып келеді. Болашақта да солай болуға тиіс. Көптеген металдың өлемдік нарықтағы бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Соған қарамастан ірі өндіріс орындарына жақын тұратын жұрттың наразылығы күшейіп барады. Олар экология нашарлап, денсаулыққа зиян келтіріп жатқанын айтып, шағымдануда.

Жұмысшылардың өндірісте мертігуі және қазаға ұшырауы көп болып кетті. Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы қажет. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек. Бұл талап инфрақұрылым саласындағы кәсіпорындарға да қойылуға тиіс.

Геологиялық барлау ісі айрықша назар аударуды қажет етеді. Еліміздің минералды шикізат базасын толықтыру үшін 2018 жылы тау-кен саласын басқару мәселесіне қатысты жаңа заңдар қабылданды. Бірақ заң талаптары толық орындалмай жатыр. Соның салдарынан табиғи ресурсқа қанша бай болсақ та, көптен бері ауыз толтырып айтатын геологиялық жаңалық ашылған жоқ. Ахуалды дереу өзгерту керек.

Тау-кен саласын басқару жүйесін жуық арада жаңғырту қажет. Көптеген елде бұл саланы негізінен жеке компаниялар алға сүйрейді. Сондықтан ірі көлемде жеке инвестицияларды тарту осы саланың әлеуетін ашуға барынша көмектеседі.

Ол үшін салық және реттеу шарттары өзгеріске икемді болуы керек. Өз қаржысына геологиялық зерттеу жүргізген инвестордың жер қойнауын пайдалану кезінде басым құқыққа ие болуын қамтамасыз еткен жөн. Жобаларды келісуге қажетті рәсімдер мен оның мерзімін кешенді мемлекеттік сараптама жасау және толық цифрландыру тәсілін енгізу арқылы екі есе азайту керек. Қазір еліміздің 1,5 миллион шаршы шақырым аумағына геологиялық және геофизикалық барлау жасалған. Үкіметтің міндеті – 2026 жылға қарай оның көлемін кемінде 2 миллион 200 мыңға жеткізу.

«Жаңа заманның мұнайына» айналған сирек және жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек. Өзінің осы саладағы әлеуетін аша алған елдер келешекте бүкіл әлемнің

технологиялық даму бағдарын айқындайтын болады.

Біз жыл соңына дейін саланы дамытуға қатысты нақты ұстанымымызды анықтап алуға тиіспіз. Өңдеу өнеркәсімін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босатқан жөн. Бұл – өңдеу индустриясына айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара.

Тағы бір маңызды мәселе – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Бұл сала дамыған елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басты рөл атқарады.

Осы орайда импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру – аса маңызды міндет.

Біздің армиямыз жоғары технологиялы қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронданы техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуға тиіс.

Техниканы шұғыл жөндейтін өндіріс орындарының қуатын арттырып, отандық кәсіпорындарға барынша қолдау көрсеткен жөн. Бізде оған қажетті материалдық-техникалық база, білік пен тәжірибе және мамандар бар. Тек оларға құзырлы мекемелердің тапсырысы керек.

Заманауи технология трансфертін жасау және жаңа өндірістер ашу жұмысын жалғастырып жөн. Арнаулы қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту қоры арқылы өз кәсіпорындарымызға тікелей қаржылық қолдау көрсетіледі.

Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауылшаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді өлгі де толық пайдаланбай отырмыз.

Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек. Ол үшін салық саясатын қайта қарау қажет.

Бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болады. Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек. Сондықтан елімізге сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет. Отандық агрофирмалардың ірі компаниялар қатарына кіргені жөн болар еді. Сондай-ақ, өзара тиімді шарттарды ұсынып, бұл жұмысқа халықаралық корпорацияларды белсенді тарту керек.

Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Осы ретте 100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жем-шөп қоры да жеткілікті. Оған қоса байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек. Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал.

Қазір жаһандық бәсеке күшейіп тұр, тауар нарығында өзгеріс бар. Мұндай жағдайда өнім өткізу саясатына ерекше мән беріміз керек. Жылдар бойы қалыптасқан ішкі және сыртқы нарықтағы орнымызды сақтап қалу айрықша маңызды. Үкіметтің алдында сыртқа шығарылатын өнім нарығының ауқымын жоспарлы түрде кеңейту міндеті тұр. Қазақстанның тауарларын шетелге таныту және шығару үшін тиісті шаралар қабылдаған жөн.

Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Мұны білесіздер. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кетеді.

Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру керек.

Сондай-ақ, шетелдің танымал агроғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керек. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдаймыз. Білім беру бағдарламаларын ауыл шаруашылығы талаптарына бейімдейміз.

Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ көбірек пайда әкелетін дақылдар еккен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Дикандарды жергілікті тұқыммен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар жаңа сұрыптарды шығарып, оны өсіру мәселесін шешкен жөн.

Мемлекеттің баға реттеу мәселесіне шектен тыс араласуы агроөнеркәсіп кешенін өркендетуге айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. Бұл мәселені де шешу керек.

Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы ахуалды тұрақтандыру ісінде қазіргіден де маңызды рөл атқаруға тиіс. Бұл мекеме қажет кезде интервенция жасап, бағаның өсімін тежеп отырады. Азық-түлік корпорациясы нарықтағы жекеменшік иелерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін, оны сақтайтын және сататын толыққанды желі құруына жәрдемдесуге тиіс.

Келесі мәселе. Өткен қыста еліміздің жылу электр станцияларында қайта-қайта апат болды. Бұл жағдай жылдар бойы шешілмеген мәселенің бетін ашып берді. Инфрақұрылымның әбден тозуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Индустрияландыру қарқынын да тежейді. Яғни, инфрақұрылымды жаңғыртпасақ, жаңа экономикалық үлгіге көшу мүмкін емес.

Үкімет жаңа инфрақұрылымдық жоспарда осы саладағы барлық түйткілді ашық көрсетіп, оны шешу жолдарын анықтауға тиіс.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесін де шешу қажет. Бұл салада қолдан келгенше өз ресурстарымызға арқа сүйеген абзал. Басты міндет электр энергетикасына сала-сына жүктеледі. Алдағы 5 жылда кемінде 14 гигаваттық жаңа электр қуаты іске қосылады.

Биыл Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің бірінші блогын қайта құру жұмыстары аяқталады. Бұрын ешқашан толық қуатын пайдаланып көрмеген станцияның 8 блогы түгел жұмыс істейтін болады. Қазір екінші ГРЭС-ті кеңейту жобасы жүзеге асырылып жатыр, үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталады. Түптеп келгенде, Қазақстан электр қуатын басқа жақтан алмауға тиіс, яғни, көршілес елдерге тәуелді болмауы керек. Біздің қазіргі ахуалымыз мез емес. Бұл – ең алдымен, мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі. Жалпы, қай жағынан алып қарасақ та, бұған мүлде жол беруге болмайды.

Әрине, жаңартылатын энергетика жобаларын жүзеге асыру да жалғасады. Су электр станцияларын дамыту мәселесін назардан тыс қалмайды. Электр қуатымен, жылумен және сумен қамтамасыз ету – технологиялық тұрғыдан алғанда тығыз байланысқан біртұтас жүйе. Оған экономиканың аса маңызды жеке саласы ретінде қараған абзал. Осы салаға қатысты қазіргі ұстаным негізінен өзектілігін жоғалтты. Енді жаңа шешімдер керек.

Тариф саясатын түбегейлі қайта қарау, тариф белгілеудің жаңа әдістемесін енгізу және инвесторлардың қызығушылығын арттыру қажет. Табиғи монополия субъектілерінің бәріне 5-7 жылға дейін көңілге қонымды нарықтық тариф енгізген жөн. Яғни, баға тұрақты болса, инвестицияны нақты жоспарлауға мүмкіндік туады. Қаржы ұйымдары да кәсіпорындарға нық сеніммен несие бере алады. Сонымен қатар монополистердің жауапкершілігін едәуір арттыру қажет. Бұл салаға цифрлық бақылау тәсілдері енгізіледі. Сол арқылы азаматтарымыз тарифтік смета және инвестициялық бағдарламалар туралы ақпарат алады.

Елді газбен қамтамасыз ету де – өзекті мәселе. Тауарлы газдың ресурстық базасын кеңейту – Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет.

Еліміздегі Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сияқты мұнай-газ алпауыттары газды қолжетімді бағамен ұсынуға тиіс. Сонымен қатар жаңа газ кеніштерін барлау және игеру үшін инвестиция тарту аса маңызды.

Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа



# ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Былыр негізгі капиталға салынған қаражат ішкі жалпы өнімге шаққанда небәрі 15 пайыз болды. Бұған негізінен еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауы себеп болып отыр. Мұндай ахуал Үкіметті тікелей қаржыландырумен, кепілдік және субсидия берумен айналысуға мәжбүрлейді. Бұл тәсіл тиімсіз, көп қаражатты талап етеді әрі нарықтық экономика қағидаларына қайшы келеді.

Сонымен бірге нақты секторға берілетін кредит азайып жатқанда банктер тұтыну несиесімен әуестеніп кетті. Осы жағдай қаржы жүйесіне төнетін сын-қатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырды.

Менің 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз несиесін кешіру туралы шешімі және жақында қабылданған жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң мәселені біршама реттеді. Бірақ ахуалды біржола түзеу үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар азаматтардың қаржы сауатын арттыру өте маңызды.

Бұл ретте «Аманат» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өту қажет. Соның арқасында еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам адам қаржылық сауатын арттырды. Олардың көпшілігі – 10 және одан да көп несие алған адамдар. Бұл жоба аз уақытта өзінің тиімділігін көрсетті. Үкіметке «Аманат» партиясымен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуді тапсырамын. «Қарызсыз қоғам» жобасының игілігін бүкіл еліміз көруі қажет.

Корпоративті салаға берілетін несиенің жеткіліксіздік мәселесін шешу керек. Экономикаға ақша керек. Былтыр банктердің таза пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтады. Ал осы жылдың бірінші жартысында – бір триллион теңгеден асып кетті. Банктер тиімді жұмыс істегенің арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелді.

Үкімет пен Парламенттің бұл пайданы мемлекет мүддесін ескере отырып, неғұрлым әділ бөлу мүмкіндігін қарастыруы жөн. Қаржы ұйымдарының салық салынбайтын мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алу-дан түскен орасан зор табысына қатысты да сұрақтар бар. Мұнда қисын да, мемлекеттік ұстаным да жоқ. Үкімет ешбір ақылға сыймайтын осы мәселені анықтап жатыр. Соған сәйкес заңдарға түзетулер әзірленіп, Мәжіліске енгізіледі. Депутаттардың оны мұқият қарауын сұраймын.

Сонымен бірге банктерді корпоративті несие беру ісіне белсене қатысуға, яғни кәсіпкерлерді қолдауға ынталандыру керек. Банк қызметінің басқа түрлеріне қарағанда бизнеске несие беру ісі банктерге пруденциалды және фискалды реттеу тұрғысынан анағұрлым тиімді болуы керек. Мұның оңай еместігін, күрделі мәселе екенін түсінемін. Үкіметке және қаржы саласын реттейтін мекемелерге бір жылдың ішінде осы маңызды мәселеге қатысты өздерінің кесімді байламын айтуды тапсырамын.

Банктердің «қозғалыссыз жатқан» 2,3 триллион теңгелік активтерін экономикалық айналымға қосу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл ретте осы активтерді иеленуге ниет танытқан бизнес өкілдерінің оны алып, экономикаға қайтаруына мүмкіндік беретін ашық цифрлы платформа құруды тапсырамын.

«Ұзақ мерзімге арналған қаражат» нақты секторға барынша қолжетімді болу үшін бірлескен және синдикалталған несие беру тәсілін кеңінен қолдану керек. Сондай-ақ өнеркәсіп өкілдері мен кәсіпкерлер несиені бөріп жұтып қоймауы қажет. Олар экономикамызды іс жүзінде әртараптандыруды қамтамасыз ететін сапалы жобалар ұсынуға тиіс. Коммерциялық банктердің қызығушылығын арттыру үшін олар стратегиялық жобаларды қаржыландырған кезде даму институттарының кепілдігін беру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Банк саласындағы тағы бір өзекті мәселе – барлығы бірнеше банктің қолында шоғырланған. Қазір Қазақстанда 21 банк бар. Бірақ корпоративті секторға несие берумен, яғни экономикалық жобаларды қаржыландырумен бірнеше ірі банк қана айналысады. Сондықтан осы саладағы бәсекені арттыру үшін елімізге шетелден сенімді үш банкті тартқан жөн.

Жалпы, нақты секторға берілетін несие көлемінің жыл сайын 20 пайыз және одан да жоғары деңгейде есуін қамтамасыз ету – маңызды міндет.

Экономиканы қаржыландыру көздері жайлы сөз болғанда Ұлттық қордың қаражатын пайдалану қажеттігі туралы жиі айтылады. Сарапшылар Қордың жинақтау және дамыту рөлінің арақатынасы жөнінде даула-сып жатады. Әрине, қаржыны жинақтап,

сақтау негізгі міндет болуға тиіс. Ұлттық қордың қаражаты күтпеген сын-қатерлерге тап болған жағдайда қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге едәуір кепілдік береді.

Дегенмен Қордағы қаражаттың белгілі бір бөлігін Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін пайдалануға болады. Тіпті, қазірден бастап соған жұмсау керек.

Ұлттық қор әлден-ақ бірқатар ірі жобаны қаржыландырылып жатыр. Алайда сол жобаларды іріктеу ісінде жүйелілік жетіспейді. Сондықтан Ұлттық қордың әрбір теңгесі айтарлықтай пайда әкелуі үшін барлық ұсынысқа жан-жақты сараптама жасалуын қамтамасыз ету қажет.

Капиталды қайтару туралы заң аясында құрылып жатқан қор «ұзақ мерзімге арналған қаражаттың» тағы бір көзі бола алады. Түскен қаржының бәрі елдік мәселелерді шешу үшін барынша тиімді және ашық жұмсалыуға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – қор нарығын дамыту. Қазір Қазақстанда екі қор биржасы бар. Олар жұмыс барысында көбіне бірін-бірі қайталайды, тіпті өзара бәсекеге түсіп жатады. Еліміздің қаржы жүйесі үшін бұл тым артық. Ішкі нарықтың көлемін және тартымдылығын арттыру үшін осы биржалардың әлеуетін біріктіріп, бір жерден басқару мәселесін қарастыру қажет.

Төлем жүйелерінің тұрақтылығын сақтау да өте өзекті мәселенің бірі болып отыр. Былтыр Ұлттық банк ұлттық төлем жүйесінің бірінші бөлігі – жылдам төлемдер жүйесін іске қосты. Қазіргі таңда бұл жүйе пилоттық режимде жұмыс істеп жатыр. Ұлттық банк-ке 2024 жылы Ұлттық төлем жүйесін толық енгізу жұмысын аяқтауды тапсырамын.

Енді тағы бір аса маңызды мәселеге, яғни бюджет саясатына тоқталайық. Мен былтыр «бюджетті басқарудан» «нәтижені басқару» тәсіліне көшу арқылы бюджет жүйесін реформалауды тапсырдым. Бұл мәселе жаңа кодекс қабылданған соң шешімін табады. Бюджет үдерісінің ашықтығы, оған қатысушылардың жауапкершілігі мен дербестігі арта түседі.

Сонымен бірге бюджет саясатының тиімділігін арттыру үшін әрдайым жаңа мүмкіндіктер мен тәсілдерді пайдалану қажет. Сондықтан Үкіметке бірнеше министрлік пен аймақтар үшін пилоттық режимде толық бөлшектенген бюджет жобасын енгізуді тапсырамын.

Келесі. Аймақтарға қатысты саясатта маңызды реформалар жүргізілді. Соның нәтижесінде өкімдерді тікелей сайлау тәсілі енгізіліп, өкімшілік реформа қолға алынды. Бұл ретте бюджетаралық қатынастарды түбегейлі өзгерту де өте өзекті мәселе. Жаңа экономикалық үлгіге көшкенде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру керек.

Корпоративтік табыс салығынан және басқа төлем түрлерінен түсетін кірістің бір бөлігін өңірлерге беру оң нәтиже көрсетті.

Былтыр аймақтар табысының өсімі 30 пайыздан асты. Сондықтан реформаның келесі кезеңінде осы норманы өзге де салықтарға, оның ішінде қосымша құн салығына да қатысты қолдану қажет. Мұндағы міндет – бюджеттің екінші деңгейіне кем дегенде екі триллион теңге қосымша қаражат беру.

Кезең-кезеңімен жүргізілген фискалды орталықсыздандыру жұмысының нәтижесінде жергілікті бюджет кірісінің құрылымындағы республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттің үлесі орта есеппен 25 пайызға дейін төмендеуге тиіс (қазір бұл көрсеткіш 50 пайызға жуық).

Сонымен қатар аудан өкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын берген жөн деп санаймын. Бұл, ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет. Бұдан бөлек, жергілікті бюджетке жиналатын салыққа қатысты жеңілдіктерді анықтау құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесін қарастыру керек. Бұл шара бизнестің дамуына үлкен серпіліс әкелмек. Ұсынылып отырған бастама өте маңызды. Келешекте аймақтардың табысты дамуына айрықша ықпал етеді. Сол себепті барлық өкім бюджетаралық қатынастардың жаңа үлгісіне көшу кезінде оның біртұтас мемлекетімізге тигізетін пайдасы және тиімділігі туралы ойлауы керек.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Мен бұдан бұрын экономиканың түрлі секторындағы салық мөлшерлемесін саралау туралы айтып келдім. Бұл шара салық жүктемесін өндірістің күрделілігіне қарай бөлуді қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлер қосымша құн салығын қайтару рәсімінің күрделі екенін жөнінде орынды мәселе көтеріп, шағымданып жүр. Бұл жайт еліміздегі инвестициялық ахуалға кері әсерін тигізеді. Үкімет көптен бері түйін тарқатай келе жатқан осы мәселені шұғыл шешуге тиіс. Сондай-ақ салық жеңілдіктерін беру

тәртібін реттеу қажет. Олар экономикалық ынталандыру шараларының нысаналы тәсілі болуы керек. Жиналмаған салық – салынбай қалған ауруханалар, мектептер мен жолдар деген сөз. Салық жеңілдігін сын көзбен зерделеп, оның көлемін кем дегенде 20 пайызға қысқарту қажет. Қалған жеңілдіктер жекелеген жобалар мен тұлғаларға байланыбай, нақты ереже бойынша берілуі керек.

Салықтық өкімшілендіру мәселесіне келсек, фискалды органдар мен салық төлеушілердің қарым-қатынасын қызмет көрсету үлгісіне көшірген жөн. Басты мақсат жазалау емес, ескерту болуға тиіс.

Салықтық бақылау ісін толық цифрландырып, есептілік формаларын 30 пайызға қысқарту қажет. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің санын кемінде 20 пайызға азайту керек. Айтарлықтай түсім әкелмейтін төлемдерді толығымен алып тастап, қалғандарын біріктіруге болады.

Бөлшек салықты енгізу мәселесі қажетті бастама болғанына көзіміз жетті. Осыны ескере отырып, Үкімет оны қолдану аясын екі есе кеңейтеді. Сондай-ақ үдемелі салық салуды енгізу жұмысын жеделдеткен жөн. Салық саясатын қайта қарап, өзгерту үшін Үкімет пен Парламент батыл әрі жан-жақты ойландырылған шешімдер қабылдауы керек.

Тағы бір мәселені атап өту қажет. Азаматтардың мүддесі мен сұранысы – Қазақстанның экономикалық даму стратегиясының өзегі. Яғни, адамның қажеттілігі әрдайым басты назарда болады. Сол үшін біз шикізатқа тәуелді болудан біртіндеп арылуымыз қажет. Бұл жұмыс та-банды түрде жүргізілуіне тиіс.

Елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Жыл соңына дейін халқымыздың саны 20 миллионға жетеді. Өмір сүру ұзақтығы да артып келе жатыр. Былтыр бұл көрсеткіш 74 жастан асты.

Қазақстан – әлемдегі ең жас мемлекеттің бірі. Азаматтарымыздың орташа жасы – 32 жас. Тұрғындардың үштен бірі – жастар.

Үкіметтің міндеті – қазіргі демографиялық ахуалды еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға пайдалану.

Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде кемелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін.

Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек.

Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет.

Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек.

Ұлттық экономиканың бірқатар саласына кадр тапшылығы қатты сезілуде. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандар жетіспейді. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықтап айналысқан жөн.

Оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажет. Экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері керек.

Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті, өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын.

Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады.

Қазір еңбек нарығында ауқымды өзгерістер болып жатыр. Онда цифрлы экономиканың рөлі арта түспек. Платформалық жұмыспен қамту жүйесіне қызығушылық артып келеді. Осы секторда қазірдің өзінде жарты миллионнан астам адам жұмыс істейді. Алайда, олардың еңбек

# ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРҒЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



құқықтары толық қорғалмаған. Сондықтан осы санаттағы азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың нақты тәсілдерін әзірлеп, платформалық жұмыспен қамту мәселесін түгел реттеу қажет.

Өндірістік жарақат алуудың жиілеуі өте өткір мәселе болып отыр. Үкімет 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын осы жылдың соңына дейін қабылдауға тиіс. Бұл құжат жұмыс орындағы кәсіби сын-қатерлердің алдын алуға және жоюға бағытталуы керек.

Менің тапсырмаммен Үкімет зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген адамдарды әлеуметтік қолдау тетіктерін әзірледі. Бұл бұрыннан талқыланып жүрген мәселе болатын, енді шешімі табылды. Оның мынадай өлшемдері бар. Жұмысшылардың осы саланы дамытуға сіңірген еңбегі және денсаулығына зиян келгені ескеріле отырып, оларға зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда, 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді. Парламенттен Үкіметтің ұсыныстарын жедел қарауды сұраймын. Азаматтар осы мәселе шешімін табады деп күтіп отыр.

Келесі. Біз бұған дейін уәде бергеніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді. Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

Жалпы, еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін Үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керек.

Жаңа экономикалық саясаттың қағидалары мен басымдықтарын нақты айқындаумен қатар, алдағы реформаларды сапалы әрі толық жүзеге асыру өте маңызды. Оның табысты болуы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты.

Реформалардың іске асырылуына негізінен атқарушы билік жауап береді. Сондықтан, ең алдымен, оның өзін өзгерту қажет. Осы саладағы реформаның басты бағыттары мынадай.

Біріншіден, нақты салаларға қатысты шешімдерді әзірлеу және орындау міндеті, сондай-ақ, түпкі нәтиже үшін жауапкершілік толығымен министрлерге жүктеледі. Өйткені олар өзінің бұйрығымен жедел шешім қабылдап отыруға тиіс. Бұл – өкімдерге де қатысты мәселе.

Екіншіден, экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократияға және сөзбұйдаға салынбай, Президент Әкімшілігіне жалтақтамай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілдерін қолында ұстауға тиіс.

Үшіншіден, Президент Әкімшілігі басты «саяси штаб» ретінде мемлекетті әлеуметтік-

экономикалық дамытудың стратегиялық бағыттарына, ішкі және сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік, құқық және кадр саясаты мәселелеріне барлық күш-жігерін жұмылдырады.

Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жолындағы жүйелі жұмыс жалғаса береді. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін түбегейлі өзгерту қажет. Бізге оның мейлінше шағын және қолайлы болғаны маңызды. Сондай-ақ тапсырмалардың орындалуын бақылау және бағалау жұмысын да қайта қарауымыз керек. Бұл – жұртшылықтың сұранысы. Басқаша айтқанда, қазір қоғамда жаңа әдіс-тәсілдерге, жаңа идеяларға, жаңа кадрларға деген сұраныс аса жоғары. Сондықтан саяси мемлекеттік қызметшілердің резерві құрылады, соның арқасында «қосымша кадрлар тобы» қалыптасады.

Қазір кадр тапшылығы өзекті мәселе болып тұрған кезде мұндай қадам өте маңызды. Жоғары лауазымға ие болғысы келетіндер көп, бірақ олардың біліктілігі тиісті талапқа сай келмейді. Демек, кадр мәселесін міндетті түрде қолға алуымыз керек, сапалы мамандар тәрбиелеу қажет. Бұл ретте саяси партиялардың кадрлық әлеуетін де пайдаланған жөн.

Аймақтағы атқарушы биліктің шешім қабылдау ісіне азаматтардың тікелей қатысу мүмкіндігін біртіндеп арттыру да маңызды. Ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар өздері сайлай бастағанына екі жылдан асты. Содан бері ауылдық деңгейдегі әкімдердің төрттен үші сайланды. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдерін сайлап көреміз.

## Қадірлі отандастар!

Еліміздің экономикасын дамытуға қатысты бүгін айтылған жоба-жоспардың бәрі нақты зерттеліп, есептеліп жасалды.

Бүкіл экономикалық жүйені шұғыл түрде түбегейлі қайта қарап, өзгерту арқылы елімізді өркендетеміз, халықтың әл-ауқатын арттырамыз.

Реформаның басты мақсаты – экономикамыздың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу және 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға жеткізу. Өрине, бұл – ауқымды әрі күрделі міндет. Бірақ біз еліміздің байлығын, табысын азаматтарымыздың арасында әділ бөлуіміз қажет.

Бір сөзбен айтқанда, экономикалық өсімнің игілігін әрбір азаматымыз көруі керек. Бұл – принципті мәселе. Еліміздің болашағы баянды болсын десек, бұл стратегиялық міндетті қалайда орындауға тиіспіз.

Мен еліміздің даму бағдары туралы пайымдарымды үнемі айтып жүрмін. Соны тағы да қайталағым келеді.

Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз.

Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез

келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Өкінішке қарай, құқық қорғау мекемелері және аймақ басшылары осы жұмысты дұрыс атқармай отыр. Басқа сөзбен айтқанда, заң үстемдігін қамтамасыз етпейді. Соның салдарынан қоғамымызда ұдайы келеңсіз оқиғалар болып жатады.

Мысалы, даладағы, көшедегі вандализм, кейбір азаматтарымыздың тәртіпсіздігі, мәдениетсіздігі, неше түрлі тұрмыстық жанжалдар еліміздің халықаралық аренадағы абыройына нұқсан келтіретін болды.

Тағы да айтамын: біздің негізгі мақсатымыз – заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз.

Жалпы, әлемдегі ахуалдың күрделі екенін көріп отырсыздар. Барша адамзат түрлі сын-қатермен бетпе-бет келуде. Көптеген ел табиғи апатты, электр қуаты мен азық-түлік тапшылығын бастан өткеруде. Мамандардың айтуынша, биылғы шілде әлем тарихындағы ең ыстық ай болды. Көптеген елде инфляция өршіп, қымбатшылық болып жатыр. Мемлекеттер арасында түрлі текетірес, қарулы қақтығыс белең алды. Босқындардың саны 110 миллионнан асты. Мұның бәрі Қазақстанға да салқынын тигізеді. Бірақ біз жаһандық дүрбелең дәуірінде өз бағдарымыздан адаспаймыз.

Өрине, даму жолымыз әрдайым теп-тегіс, даңғыл болмайды. Ешкім де сырттан келіп, Қазақстанды көркейтпін жібермейді. Ол үшін еліміздің әрбір азаматы заман талабына сай болуға тиіс. Жалпы, халқымыз осындай дағдарыс кезінде біртұтас болуы керек. Басқа жол жоқ.

Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында нақты айттым.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады.

Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы.

Тағы да қайталаймын: Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды.

Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды.

Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз.

Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын.

Бережелі бірлігімізді сақтап, танды еңбек етсек, Отанымызды көркейтпін, ұрпаққа дамыған мемлекет ретінде табыстасақ, бабалар аманатына адалдық деген – осы!

ЖОЛДАУҒА - ҚОЛДАУ

## ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН БІР СӨЗ



Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді» – дейді.

Ал ең төменгі жалақымен еңбек етіп жатқандар нағыз еңбек адамдары деп білемін. «Ауылына қарап азаматтар таны» дегендей ауылдың тазалығына баса назар аударсақ, таң атпастан қолдарына сыпыртқы мен қаптарын ұстап, ала жаздай кешкі салқынмен орталық алаңға шығып, демалып, балаларын ойнатқан ақшасы көп азаматтардың шашып кеткен қоқыстарын жинап жүретін төменгі жалақы иелерін осы Жолдау қуантқанын да байқаймыз. Аз болса да жалақыларының көбейгені олардың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізетін сөзсіз. Ада-еңбек, маңдай тер қашанда болса ақталатынын осыдан көруге болады. Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді – дейді мемлекет басшысы. Осы бір ауыз сөздің өзі адал еңбек адамдарына күш беріп, қуаныш сыйлайтыны айтпаса да түсінікті.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

## ТАМШЫЛАТЫП СУҒАРУ ЕКІ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕДІ



1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын тыңдадық.

Біздің Ақсу ауданы ауылшаруашылық ауданы. Жолдауда «Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Мұны білесіздер. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал - тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кетеді» - деп нақтылап айтты. Сондай – ақ, «Судың да сұрауы бар», - деп суды ысырап етпей тиімді пайдалану керек екенін де айтты.

Яғни, инновациялық амал-тәсілдер мен заманауи ғылымға сүйену дегеніміз суды үнемдеп, тамшылатып суғару тәсіліне көшу дегенді білдіреді деп ойлаймын. Өрине халқымыз «Жеті күн жауған жаңбырдан – желіп өткен су артық» дейді. Сонда да суды ысырап жасамай, суғарғанда жылдамдатып, жүгіртіп – жүгіртіп алған дұрыс. Тәжірибелі сушылар дәл солай жасайды. Себебі, судың алқапта көп жатуы да өнімнің сапасын азайтады. Жапырақтары сарғайып, қандай дақыл болса да біраз уақыт ауырады. Ал, сол уақыт өнімнің өсу қарқынын бәсеңдетеді.

Ал, тамшылатып суғару әдісі осы аталмыш екі мәселені шешуге септігін тигізетін ең дұрыс амал.

Сондықтан мемлекет басшысы ауылшаруашылығы саласының қыр – сырын терең түсініп, заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кететінін ашып айтып отыр.

Ербол СЫМХАНОВ.

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

2023 жылдың 15 қыркүйегінен бастап Ақсу қант зауыты 2023 қант қызылшасының өнімін қабылдауға кіріседі.

Ақсу қант зауыты Сіздерді 10.09.2023-12.01.2023 аралығындағы өндірістік маусымға келесі қызметкерлерді жұмысқа шақырады:

- дәнекерлеушілер;
- слесарь;
- жұмысшылар;
- жүк тиегіштер;
- электрлер;
- бақылау - өлшеу аспаптарының және автоматиканың электромеханиктері.



**Қыркүйек айының бірінші жексенбісі - мұнай - газ саласының қызметкерлері күні!**

## ГАЗ САЛАСЫ – АУДАННЫҢ БІР САЛАСЫ

Біздің өңірге сұйытылған газ келіп, халық игілігіне пайдаланып жатқанына да 65 жылға жуық уақыт болды. Бүгінгі күндері Ақсу, Қапал өңірінің халқы сұйытылған газдың күнделікті өмірде көп пайдасын көріп отыр. Жаз айларында осы газдың пайдалану мөлшері 60 тоннадан асады. Бұл облыс көлемінде үлкен көрсеткіш. Ауа - райы салқындаған кезінде бұл көрсеткіш 30 - 40 тонна мөлшерінде төмендейді. Ал, енді осыншама газды жеке газ ыдыстарына құйып, барлық қосымша жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік шараларын қолданып, әрбір тұтынушыға жеткізудің өзі үлкен тынымсыз еңбекті қажет етеді. Ақсу ауданында екі бірдей газ мекемесінің қызметкерлері ұзақ жылдар тұтынушыларды сұйытылған газбен қамтамасыз етіп келеді. Олар Жансүгіргазсервис мекемесі мен Қапалгазсервис мекемесі. Жансүгіргазсервис бөлімі ұзақ жылдар Сарқан аудандық газ торабының құрамында болып, 1997 бөлініп шықты. Осы мекемені бастауында Ерошенко Сергей деген азамат жетекшілік етіп келді. 1990-шы жылдардың басына қарай Нарышев Бақытжан ағамыз ұзақ жылдар басқарып, абыройлы еңбек етті. Жансүгіргазсервис мекемесінде халықты уақытылы газбен қамтамасыз етуде Ахметқалиева Гүлнар, Еркенов Ерлан, Колбин Владимир және тағы басқа азаматтар абыройлы еңбек етті. Солардың бірі бүгінгі газ тасымалдап беріп отырған, өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын азаматтың бірі - Карипов Асхат. Ал, Қапал аудандық газ торабына келетін болсақ, бұл мекеменің жұмысы 1970 жылдар Қапал аудан болып қайта құрылғаннан кейін аудан мекемелері қайта құрыла бастағанда аудандық газ торабы мекемесі болып сол кездегі аудан халқын сұйытылған газбен қамтамасыз ете бастады.

Осы мекемеде Газ тораптарының құрылысы және оны пайдалану жөніндегі мамандық бойынша Алматыдан білім алып, 1979 жылы бас инженер болып жұмыс істей бастадым. Құрылыс мекемелерінде оның ішінде аудандық "Жылжымалы құрылыс мекемесінде" Өндіріс меңгерушісі, Өндірісті жоспарлау бөлімінің инженері, бастығы қызметтерін істеп, 1989 жылы аудан басшыларының ұйғарымымен газ мекемесінің жетекшісі болып қайтып оралдым. Ұзақ жылдар Қапал өңірінің халқын үзбей сұйытылған газбен қамтамасыз ету, газбен қамтамасыз еткенде ешқандай оқиыс жағдайларға жол бермеу, тұтынушылардың газ қондырғыларын дұрыс қызмет ету, қамтамасыз ету сол кездегі басты міндетіміз болды. Ұзақ жылдар бір салада абыройлы еңбек еткен, бүгінгі күні зейнеткер Танжарова Рысалдыны атап өткім келеді. Бүгіндері елді - мекендерді ұзақ жылдар тынбай газбен қамтамасыз етіп жүрген көлік жүргізушілері Әліпбеков Қазыбекті, Тыналиев Ерланды мақтанышпен айтуыма болады. Бұлар менің сенімді көмекшілерім болды.

2010 жылғы Қызылағаш апаты ұмытылған емес. Сол кездегі Қызылағаш қалпына келтіру кезінде Қапал газ мекемесінде осы елді - мекенді қалпына келтіруге үлкен еңбек етті. Сол кездегі жаңадан салынған 600-ге жуық үйлерді газдан дырып, құжаттандыру, газ қондырғыларын іске қосуға 2 - 3 ай бойы еңбек етті. Осы ауылға газ жеткізуді үзбей қамтамасыз ету үшін 1 автокөлік бекітіліп берілді. Бүгінгі күні осы елді - мекенде Тайболатов Арғынбек абыроймен үзбей еңбек етіп келе жатыр. Әр мекемеде кездесетін мәселелер осы газ мекемелерінде кездесіп, кей кездері қиындықтар тудырып отыратынын екінші бірі біле бермейді. Олар газ қондырғыларының, автокөліктердің жиі істен шығуы, оларды уақытылы қосалқы сияпектермен қамтамасыз ету сияқтылар. Үкіметтің белгіленген бөлініп отырған қаржысы болмауының және жеке акционер болуының да салдары да айлық төлеген кезде қиындықтарға кездестіріп жатады.

Ұзақ жылдар мұнай - газ саласының қызметкерлері жыл сайын қыркүйек айының бірінші жексенбісінде кәсіби мейрамдарын атап өтеді. Осыған орай, осы саланың еңбеккерлерін кәсіби мерекелері құтты болсын, - дегім келеді. Ауданның өсіп - өркендеуіне газ саласының қызметкерлері үлкен үлес қосып келе жатыр.

Еңбектеріңіздің жемісін көріп, жанұяларыңыз аман болсын!

**А.ТАСБАТЫРОВ,**  
газ саласының ардагері,  
еңбек ардагері.

## Ауру жас талғамайды, бап талғайды



Адам ауырып, жаны мұрнының ұшына келгенде барып дәрігерлерге қаралатын жайлар кездесіп жатады. Мұндайда дендеп кірген ауру сен керісің бе, жассың ба талғамайды және кемірің, көз жасыңа қарамайды да, алып тынады.


Ал, керісінше дер кезінде ауруды асқындырмай, дәрігерлердің қарауында болған жандар - оларға алғыстарын жаудырып, рахметін айтады. Атап айтсақ, орталық аурухананың тоқпен емдеу бөліміне ем алуға барғандар жан рахатын алып қайтады. Бөлімдегі (УВЧ), парафин басқа да аппараттармен емдейтін ақ халатты абзал жандар Айгүл мен Қарлығаш науқастарды жылы қабылдап, белгіленген уақытпен дәл ем - домдарын жасап, алғысқа бөленіп жүргендер. Олар өз істерін жетік білетін тәжірибелі мамандар.

**Е.ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.**

**СУРЕТТЕ: Айгүл мен Қарлығаш кезекті науқасқа ем жүргізуде.**

## Ертең Ақсу ауданының мәдениет күні!

## ҰЛТ ТАРИХЫ - ХАЛЫҚ БАЙЛЫҒЫ



Кіндік қаның тамып, кіндік бауың кесілген, туып - өскен жер әрбір адам үшін қастерлі де қасиетті. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілік адамды алға жетелеп отырады. Дана халқымыз: «Әркімнің туған жері - Мысыр шаһары», - деп бекер айтпаған. Сондай жерлердің бірі - біздің Ақсу ауданы десек артық айтпаймыз. Бұл - бүкіл Қазақстанға әйгілі де ардақты тұлғалар - қазақтың Үш арысының бірі Ілияс Жансүгіров, алғаш Қазақ Конституциясын жазған - Барлыбек Сырттанов, қобызшы - Молықбай Байсақұлы, халық ақыны Қуат Терібаев, Ұлы Отан соғысы батырлары Нұрсұлтан Есеболатов пен Есмұрат Сықымовтардың киелі өлкесі болып саналады.

Жетісу өлкесінің арынды Ақсуы өңірі - тоған суымен ғана өсетін тұқымы баданадай ақ бидайы мен алып зауытының тәтті өнімі Ақсу қантымен әр шаңырағының берекелі ақ дастарқанының бағын ашқан, мейірімді жер - ананың қазыналы жерұйығының бірі.

Ақсу ауданы 1930 жылы 17 желтоқсанда құрылған. Сол жылдары 100-ден астам кооператив, мал өсірумен айналысатын ірілендірген «Үштөбе» «Бұлан», «Бүйен», Ақсу совхоздары ұйымдастырылған. Кейін 55 колхоз құрылған. Қазіргі аудан орталығы Жансүгіров ауылының негізі 1858 жылы қаланған.

Бұрынғы атауы «Тасбекет», 1932 жылы Ақсу МТС-ы, 1936 жылы Көкөзек МТС-ы, 1941 жылы Комсомол МТС-ы құрылған, сол кездегі жер территориясы Лепсі, Бүйен, Қаратал өзендерінің аралығын қосып, Балқаштан Алатауға дейінгі алқапты алып жатқан.

Бүгінгі аудан территориясы-12,6 мың шаршы шақырымды алып жатса, онда 49 елді мекені бар, 17 ауылдық округ орналасқан.

Жалпы аудан халқының саны - 40 242 болса, оның 34895-і қазақтар, қалғандары әр түрлі 8 ұлт өкілдерін құрайды. Аудан облыс орталығынан 120 шақырым қашықтықта орналасқан.

1941 жылы Ақсудан Отан қорғауға 6000 жауынгер аттанып, олардың жартысынан жуығы майдан даласынан оралмады. Ұлы

**ТУҒАН ЖЕРДІҢ ШЕБІН КҮЗЕТІП, ТҰТАСТЫҚТЫ САҚТАУ - ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ҚАСТЕРЛІ ПАРЫЗЫ.**

**Қ.ТОҚАЕВ.**



Отан Соғысы жылдарында ауданымыздан Н.Есеболатов, Е.Сықымов сияқты Кеңестер Одағының батырлары шықты.

Еңбек ерлері О.Сүйеубаев, Қ.Жанбаев, Н.Нұрсейітов, Н.Оңалдинов, Т.Балтабаев, Адлер Отто, 74 жерлестерімізге (тыңды игергені үшін медаль тапсырылды). Аудан 1959 жылдан қызылша өсірумен шұғылданады, 1967 жылы Ақсу қант зауыты іске қосылды. 1981-88 жылдары 2 рет аудан ЦОКП орталық комитетінің КСРО-министрлер кеңесінің, БОҚҰО-тің және БЛКЖО орталық комитетінің ауыспалы қызыл туын жеңіп алды.

Ауданымыздан шыққан атақты адамдар Қобызшы Молықбай, жыр дүлдүлі І.Жансүгіров, тұңғыш мектеп ашқан қажы Маман Тұрысбек, айтыс ақындары Сара, Толғанбай мен Қуат Терібаев ақындар Ә.Найманбайұлы, Қ.Мұқашев, Қ.Бұғыбаева, Т.Есімжанов, М.Айтқожина жазушылар Ф.Орманов, Т.Сұлтанбеков, Ш.Құмисбаев және тағы басқалар.

Петербургтен білім алған ғалым Б.Сыртанов, теміржол инженері М.Тынышбаев, академиктер Ж.Сыдықов, Қ.Жұмағұлов, Б.Жұмағұлов қоғам қайраткерлері жазушы К.Қазыбаев, Д.Бекежанов, тұңғыш аудандық халық театрын құрған Н.Әмірғалиев және Д.Шаймерденовалар шыққан.

Бұрындары аудандар мен қалалардың Мәдениет күндері жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп тұратын. Осындай сынақтардың қорытындысы бойынша жоғары дәрежеде мәдени шара ұйымдастырғаны үшін біздің ауданымыз 2010 жылдан 2015 жылға дейін алдыңғы қатардан көрініп келгенін аудан тұрғындары ұмытқан жоқ.

Кейіннен карантин басталып

аудандар мен қалаалардың Мәдениет күндерін өткізу біраз уақыт тоқтап қалды.

Бұл сынақ тек қана мәдени шаралар емес аудан бойынша барлық салалардың жеткен жетістіктері көзге көрінетін күн. Ауылшаруашылығы саласы, мәдениет саласы, білім беру саласы, спорт саласы т.б. аудан бойынша барлық атқарылған жұмыстарымызды бүгін зор салтанатпен көрсетіп, мақтанатын күніміз.

Қай сала болмасын бүгінде өлсіреп тұрған жоқпыз. Мақтанып көрсететін жетістіктеріміз баршылық. Ауылшаруашылығы саласы бойынша бүгінгі күнге жинауға жататын 30 мың гектарға жуық дөңді - дақылдың 90 пайызы жиналды. Өнім көрсеткіші де жаман емес. Енді бір аптадан кейін аудан алыбы Ақсу қант зауыты тәтті түбірлерді қабылдауды бастайды.

Мәдениет саласы мен спортта да жетістіктеріміз аз емес. Мақтанышпен ауыз толтырып айтатын жаңалықтар көп.

Мысалы, «Ақсу халық театры» Республикалық байқаудан жүлдемен оралса, басқа да жеке-леген өнерпаздарымыз қазақ елін ауызына қаратуда.

Спортта да арландай жігіттерімізді айтпағанда, нәзік аруларымыз Жақан Аружан, Алтын Шағаевалар шет елдерді, Азияны таң қалдыруда.

**Құрметті аудан тұрғындары!**

Ертең 9 қыркүйекте Е.Сықымов атындағы орталық стадионда өтетін «Жер жәннаты - Жетісу» атты Ақсу ауданының мәдениет күніне келіп, осындай жетістіктеріміздің куәсі болыңыздар. Мәдениет күні Ақын апамыз Сара Тастанбекқызының 170 жылдығына арналады.

## Мектебім мейірім мекені



1 қыркүйек білім күні Ақсу ауданының Сағакүрес ауылында жаңадан ашылған орта мектептің салтанатты шарасына қатыстық. 2021 жылдың 16 желтоқсанында алғашқы қазығы қағылған білім ошағы былтырғы оқу жылының соңында пайдалануға берілген.

«Мектебім мейірім мекені» атты тақырыппен айшықталған іс - шара мектеп директоры Марал Ғазизова алғашқы сөз кезегін алып, мерекемен құттықтап,

осындай салтанатты мерекеде тағы бір жақсылық хабармен бөлісті. Ол облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың 14-тамыздағы №250-ші Қаулысы негізінде жаңадан ашылған мектепке Сағакүрес орта мектебі мәртебесі берілгені.

«Аудандық білім бөлімі, аудан әкімшілігі қабыл алып, қолдаулары нәтижесінде «Орта мектеп» мәртебесіне қол жеткізді, сондықтан барлықтарыңызға алғысым шексіз», - деді.

Сағакүрес орта мектебі заманауи стандарттар бойынша жаңғыртылған, заманауи үлгідегі техникалық базамен толық жабдықталған екен. Атап айтсақ, физика - астрономия, химия - биология, лингофонды мультимедиялық 2 кабинеттер ашылыпты.

Содан кейін сөз алған аудан әкімінің орынбасары Күләйхан Дәулетбекова өңірдің білім беру саласындағы жаңашылдықтарға тоқтала келіп, жаңадан орта мектеп мәртебесін алған білім шаңырағы өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындап берсін - деді.

Сағакүрес ауылдық округінің әкімі Нұрқуат Кәкімбаев, мектептің зейнеткер ұстаздары Райхан Омарова мен Айгүл Немербаевавалар өз сөзінде 120 балаға лайықталған ағарту ордасының осы округтегі жеткіншектерге, білім алудың жас ұрпаққа тигізер пайдасын ортаға қалды.

Жиын алғашқы қоңырау соғылып, үздік оқушылардың білім туралы оқылған өлеңдерімен түйінделді.

Соңынан оқушылар сыныптарына кіріп, алғашқы сынып сағаттары өтті.

**Ербол СЫМХАНОВ.**





## АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

### АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМІ Б.ТЫНЫШБАЕВТЫҢ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ АЛДЫНДАҒЫ БАЯНДАМАСЫ

пары - 7 млрд. 674 млн. теңге;  
6 айда игеруге жоспарланған – 2 765,4 млн. теңгенің 2 698,9 млн. тг. игерілді, 97,6%.

Игерілмей қалған 66,5 млн. теңгенің 60 млн. теңгесі құрылыс саласында, басқасы ауылдық округтердің игерілмеген қаражаттары.

#### Білім беру

Жаңа оқу жылында 38 мектеп жұмыс істейді. Өткен оқу жылында 40 мектеп болған, 2 бастауыш мектеп жабылды. (Ақтөбеде 3 оқушы, Баласазда 2 оқушы қалған)

- 2 қосымша білім беру мекемесі бар,  
- 8 балабақша (1005 бала),  
- 29 шағын орталық жұмыс істейді, (1139 бала), Мектепке дейінгі біліммен 2144 балақамтылған, 100%.

Аудандағы оқушылар саны - 7668, (2022 ж - 7 573); мұғалімдер саны – 1638 (2022 ж - 1 638);

Білім сапасы 68,5% құрап, өткен жылдың деңгейінен 0,4 % өсті. (2021-2022- оқу жылында 68,1%).

2023 жылға бастауыш сынып оқушыларының ыстық тамағына 225 млн. теңге бөлінді. (38 мектепте бастауыш сынып оқушыларына ыстық тамақ беру ұйымдастырылады, 3555 бала қамтылады, барлық оқушылардың 46,3%, оның ішінде: 1-4 сыныптағы 2986 оқушы, 5-11 сыныптағы аз қамтылған отбасылардан 569 бала ыстық тамақпен қамтылады.)

Мектепке жол акциясы аясында аудандық білім бөлімі тарапынан 1700 оқушыға 40547 теңгеден 6 млн. 893 мың тг. қаржы жеке есеп шотына аударылып, берілді. Қосымша 1345 оқушыға демеушілер есебінен көмек көрсетілді.

2023 - 2024 оқу жылында 5 елді - мекеннен мектепке барлығы 75 оқушыны тасымалдау ұйымдастырылады:

(Өнімнен - Мамания Орта мектебіне 14 оқушы; Шолақөзектен - Абай ОМ- 15; Таусамалы ауылынан ГЭС – Сыдықов ОМ-не 19; Қызылжардан Гагаринге -14; Қызылағаш с/округінің Ақтоған ауылынан Жансугуров ОМ – 13; барлығы 75 бала тасымалданады.

2023 жылы 11 - сыныпты бітірген 419 түлектің 223, яғни 53% жоғарғы оқу орнына грантқа түсті.

2023 жылы 2 мектептің құрылысына қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды. 2024 жылы толық аяқталады. Көшкентал орта мектебіне 600 млн. тг. (180 орын, 75 орын шағын орталығымен), Көлтабан негізгі орта мектебіне 500 млн. тг. (120 орын, 25 орын шағын орталығымен) (Көшкентал 1969 ж, 185 оқушы; Көлтабан 1978ж, 60 оқушы;)

Ж.Сыдықов орта мектебінде күрделі жөндеу жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде, 27 наурызда басталған, 27 қыркүйекте аяқталуы тиіс. (784 млн. тг.)

2 мектепте ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілуде: Ақсу ауылындағы Мамания орта мектебінде, (80 млн. тг); Жаңалық ауылындағы Жаңтілеу орта мектебінде.

#### Денсаулық сақтау

Ауданда 41 медициналық мекеме бар. Оның ішінде: 1 - аудандық орталық аурухана, 200 орынмен; 2 - ауылдық аурухана (Қапал 25, Матай 20 орын), 14 дәрігерлік амбулатория, (тұрғындар саны - 16161), (7 жеке ғимараты жоқ), 24 медициналық пункт бар. (8875 адамды қабылдайды).

Дәрігерлермен қамтамасыз ету 10 мың адамға шаққанда 17,1% құрайды, 64 дәрігер жұмыс істеп жүр, 359 орта қызметкерлер бар, 96,2% қамтылған.

2023 жылы 6 айда әлеуметтік маңызы бар аурулар көбейді: туберкулез ауруымен – 7 жағдай тіркелді, (2022 ж. 6); +1; бруцеллез – 11 жағдай, +6 ауруға көбейген, (2022 ж. 5 жағдай); гепатит – 3 жағдай, +3 ауруға көбейген (2022 ж. тіркелмеген); қатерлі ісікпен 16 ауру тіркеліп, 11 адам қайтыс болған;

(2022- 21); - 5; жүрек-қан тамыры аурулары + 900-ге көбейіп, 1530 ауру тіркелген, 17 адам қайтыс болған; (2022-630); қант диабеті – 52 адамда тіркеліп, +18 дерекке көбейген, (2022-34). , 52 адам қайтыс болған.

Жыл басынан 5 бала өлімі тіркелді, өткен жылғыдан 1 дерекке көбейді. 2023 жылы 1 ана өлімі тіркелген. (2022 жылы тіркелген жоқ).

Туу көрсеткіші төмендеген, өткен жылдың деңгейінен (-) 67 азайған: 2022 жылы - 344 бала туған, биыл - 277 бала туылды.

2023 жылы 6 айында флюорографиялық тексерістен өткендер саны – 7155 адам

#### Халықты жұмыспен қамту «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде

Жұмыспен қамтудың кешенді жоспарымен - 1847 адам қамту жоспарланған. Нақты қамтылғаны - 1395 адам; орындалуы - 75,5%.

(748 адам тұрақты жұмысқа орналасты, 647 адам - уақытша жұмысқа орналасқан.)

«10 мың тұрғынға 100 жұмыс орнын ашу» бастамасымен 184 жұмыс орны ашылды.

599 адамды субсидияланатын жұмыс орындарына жіберу жоспарланған, - қоғамдық жұмыс, әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, алғашқы жұмыс орны, ұрпақтар келісімшарты, күміс жас жобасы, мүгедектері бар адамдарға арналған жұмыс орындарына 581 адам жолданды, орындалуы – 91,7%.

Жастарға - 20 адамға 5 млн. теңгеге дейін 2,5% кепілдендірілген шағын несие беруге 100 млн. қаражат бөлінді. (26 адамға 114 млн. 390 мың тг төленді.)

Жоспар бойынша - 48 адамға 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде мемлекеттік грант (1 млн. 830 000 тг) берілуі керек болған. Бүгінгі күні 66 млн. 240 мың теңге қаражат бөлініп, жыл басынан бизнес жобалары қолдауға 18 адамға 24 млн. 840 мың теңге төлемге жіберілді.

Аз қамтылған 320 отбасының 1736 адамына 90 млн. 519 мың теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленді.

Басқа да әлеуметтік төлемдерге 47 млн. 830 мың теңге төленді.

6 айда орташа айлық еңбекақы – 271 мың теңге, 25% өсіммен, (2022- 216,6), (орташа облыстық – 274,2 мың теңге).

- ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50,5 мың теңге, 11,6% өсіммен, (2022- 45,2), (орташа облыстық – 48,5 мың теңге).

Жұмыссыздар саны - 1016 адам, жұмыссыздық деңгейі - 5,5%. Экономикалық белсенді халық саны – 18537; (2022-18519).

#### Мәдениет

Ауданда 22 мәдениет үйлері мен клубтар және 22 кітапханалар, 2 музей бар. Онда 156 штат бірлігі бар. 2023 жылдың

жарты жылдық есебі бойынша аудан көлемінде 1469 мәдени көпшілік шара өткізіліп, оларға 57 648 адам қатыстырылды.

#### Құқық қорғау

2023 жылдың 7 айында ауданда 128 қылмыс тіркелген, қылмыстылық 17 дерекке азайып, 11,7% төмендеген. (145 болған). Қылмыстың ашылуы өткен жылдың деңгейінен 9,2% төмендеген, 83,3%-ды құрады (2022 ж 92,5%).

Бөтен мүлікті ұрлау қылмыстары 32,4%, немесе 34-тен 23-ке дейін азайды. Қылмыстың бұл түрінің ашылуы 87,0%-ды құрады (2022 ж 97,4%).

Қозғалған 23 қылмыстық істің 20 қылмыстық ісі тергеумен аяқталып, 5 қылмыстық іс сотқа жолданды.

Мал ұрлығы деректері бойынша қылмыс саны былтырғы жылға қарағанда 39,1%, немесе 23-тен 14-ке дейін азайған. Қылмыстың бұл түрінің ашылуы 84,6%-ды құрады (2022 жылы 84,6%).

#### Мемлекеттік қызметтер көрсету

Ауданда 25 мемлекеттік мекеме 66 түрлі мемлекеттік қызметтер көрсетеді. Есепті мерзімде аудан тұрғындарына 5246 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Қағаз түрінде, баламалы негізде бірақ "электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілуі мүмкін - 42 (0,8%). Электрондық түрде ("электрондық үкімет" арқылы) көрсетілген www.egov.kz, www.elicense.kz) - 4683 (89,3%) Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) арқылы - 521 (9,9%).

#### Аудан тұрғындарымен кездесулерде көтерілген мәселелер

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы Жарлығына сәйкес қоғамды одан әрі демократияландыру, елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықты хабардар ету, жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын, жауапкершілігін, есептілігін арттыру мақсатында 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында өзіміздің және ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен халықпен 132 кездесу өтті.

Кездесу барысында халықтың ұсыныстары, ескертпелері, мұң-мұқтажы тыңдалып 649 сұраққа жауаптар берілді. Ақпан айында облыс әкімінің аудан тұрғындарымен кездесуінде берілген 18 тапсырмалардың 11 орындалды 7 орындалуда.

7 тапсырманы орындау үшін қаржы қажеттілігіне байланысты бюджеттік сұраныстар жіберілген.

Жетісу облысы бойынша 10 аудан, қала әкімдіктерінің 2023 жылдың 6 айлық рейтингінің қорытындысы бойынша Ақсу ауданы 4 орында тұр.

Бағалаудың 15 көрсеткішінің ішінде біздің аудан

- «азаматтардың өтініштерін уақтылы қарау» бойынша - 8 орында,

- «аудандағы әлеуметтік қоғамдық ахуал – теріс жарияланымдарға жауап беру» бойынша төменгі 9 орында тұр.

#### Құрметті депутаттар, жерлестер!

Ауданда атқарылып жатқан жұмыстармен қатар, әрбір салада атқарылатын шаралар, орын алып жатқан кемшіліктер бар екенін естідіңіздер.

Өзімізге жүктелген міндеттерімізді өз деңгейінде атқарып, ауданымыздың әлеуметтік - экономикалық жағдайын жақсарту осы отырған біздің ортақ парызымыз.

сан жапырақты ойраншөпке - 0,13 га, көп жылдық ойраншөпке - 0,05 га тексеруден өтті.

Жалпы айтқанда ауданның биылғы жылғы фитосанитарлық жағдайы бір қалыпты болды. Дегенмен, өткен және биылғы жылы екеп ағаштары қара ағаш зиянкестерінің ильма қоңызы популяциясының ұлғаюы байқалды. Көктем айларынан бастап мониторинг тексеру жұмыстары қоңыздардың даму сатысына қарай жоспарлы түрде жүргізіліп отырды.

Өкінішке орай, тиісті құзырлы органдармен мекемелерге берілген дабылдық - хабарламаларға айрықша мән беріп қарамағандықтан биыл, яғни, екінші жыл қатарынан химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілмеді. Сондықтан келесі жылы қоңыздардың өсу популяциясы екі есеге артуы мүмкін.

Қазіргі кезде екінші ұрпағының ірі қоңыздары қыстаққа кетіп жатыр.

**Б.ҚАБАНБАЕВ,**  
**ҚР АШМ АӨК МИК «РФДжБӨ» РММ**  
**Ақсу аудандық филиалының басшысы.**

## 2023 ЖЫЛҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫ

таралуының негізгі факторы агротехникалық шараларды дұрыс пайдаланбау және ауыспалы егіс жүйесін енгізбеуден болса, екінші фактор себілген танап маңайы фитосанитарлық талапқа сай таза болмауы салдарынан. Аудан көлемінде шабындық, жайылым бос жатқан жерлерде кең өріс алған аса қауіпті шегірткелердің екі түрі азиялық, итальяндық прус және жергілікті саяқ түрі. Филиал бойынша 2023 жыл ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы барлығы 296,2 га жерге: оның ішінде шегіртке тектес зиянкестерге (көктемгі, жазғы, күзгі) - 248,6га, кеміргіштерге- 2,4 га, өрмекші кенеге- 6,1га, тасбақашық қандағала - 10,3 га, астық қоңызына- 10,0 га, колорадо қоңызына- 0,15га. жерлерге жүргізілсе, ал маманданған зиянкестерге қарсы барлығы 68,3га алқаптарға жүргізілді. Бұның ішінде ЭЗШ-нен жоғары мөлшерде жоңышқада (беде көбелегі), мақсарыда (үлкен және кіші бізтұмсық), қант қызылшасында (қызылша

шыбыны, бізтұмсық, бүрге) т.б. анықталды. Масақты дәнді дақылдарға қарсы, оның ішінде ерекше қауіпті зиянды организм (тат, септориозға) 9,0 га, маманданған ауруларға қарсы-11,520 га оның ішінде астық ауруларына - 4,5 га, майлы дақылдарға - 2,6 га, қант қызылшасына - 0,95 га, көп жылдық шөптердің ауруларына – 1,84 га және де бақ, көкөніс, бақша ауруларына қарсы мониторинг тексеру жұмыстары жүргізілді. Карантиндік нысана - жеміс ағаштарының бактериялық күйік ауруына - 0,08 га, картоптың ауруларына - 0,06 га зерттеу жұмыстары атқарылды.

Гербиология саласы бойынша маманданған арамшөптерге барлығы - 33,0 га, оның ішінде көктемгі-жазғы - 21,3 га, жазғы-күзгіге - 11,0 га, күзгі - 0,7 га жерлерге мониторинг жүргізіліп аудан көлеміндегі барлық игерілген алқаптар қамтылды.

Карантиндік арамшөптерге қарсы барлығы- 20,367 га, оның ішінде жатаған у кекіреге - 17,687 га, арамсоюға - 2,5 га, жу-

Басты мақсатымыз аудан көлемінде егілетін барлық ауылшаруашылық дақылдарындағы зиянды организмдердің табиғаттағы даму ошақтарын анықтау және олардың морфологиясын, өмір сүру циклдарын, қоныстану жолдарымен ерекшеліктерін, олардың көбеюіне әсер ететін сыртқы-орта жағдайларын зерттеу, сонымен қатар аталған зиянды организмдердің қауіпті түрлерінің экономикалық зияндылық шегі (ЭЗШ) және дақылдарды фитофагтардан қорғау шаралары болып табылады.

Зиянды организмдер дегеніміз- ауыл шаруашылық дақылында кеңінен тараған арам шөптер, аурулар және зиянкестер. «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы»РММ Ақсу аудандық филиалы жыл сайын ауылшаруашылық дақылдарының өсіп-өнуіне төрт бағытта-зиянкестер, аурулар, арамшөптер мен карантиндік нысандардың ошақтарын алдын ала анықтап, олардың зияндылық шегіне мониторингтік тексеру жұмыстарын жүргізіп келеді. Зиянды организмдердің

**АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ**

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
Орталығы: Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 "В", тел.: 8 72832 29102.  
Комиссия төрағасы - Байболов Берік Тұрлыұлы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Нұрзолдинова Баян Қыдырқожақызы  
Комиссия хатшысы - Жұмагелдиева Индира Жұмагелдықызы  
Комиссия мүшелері – Әділбаев Ерсултан Мұратұлы, Исанова Орал, Қойшыбаева Кеукер Нұртайқызы, Оразғалиева Сая Адбиқызы.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУҒА ТАРТЫЛҒАН ОКРУГТЕРІНІҢ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

**№6 Сайлау округі:** Сағабүйен ауылы, Абылайхан к-сі, 26, Сағабүйен ауылдық мәдениет үйі, тел.: 8 (72832) 50096.

Комиссия төрағасы – Мылтықбаев Сайлаубек Нұрмекенұлы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Күзембаев Руслан Әскерұлы  
Комиссия хатшысы – Жұманов Елдос Жанарысұлы  
Комиссия мүшелері Сақмолдин Жанат Тұрарбекұлы, Мұқанова Самал Тоқтарқызы.

**№7 сайлау округі:** Ақсу ауылы, Айсеркенов к-сі, 13, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мамания орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тел.: 8 (72832) 24150.

Комиссия төрағасы – Ақметова Сәуле Әнуарбекқызы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Мұздыбаева Бақытнұр Құрмашқызы  
Комиссия хатшысы – Аубакиров Сапар  
Комиссия мүшелері: Қалашева Мәдина Нұркамалқызы, Қанғалақов Санжар Жұмабекқызы.



**Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ақсу аудандық учаскелік сайлау комиссияларының құрамын жариялайды және сайлау комиссияларының жұмыс уақыты 09:00 – ден 18:30 – ға дейін, 13:00-14:30 үзіліс уақыты екендігін хабарлайды**

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУҒА ТАРТЫЛҒАН САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ****№6 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША****№15 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Сағабүйен ауылы, Абылайхан к-сі, 26, Сағабүйен ауылдық мәдениет үйі, тел.: 8 (72832) 50092.

Комиссия төрағасы – Базарбаева Күлжан Оспанқызы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Әмірова Айгүл Айтмұхамбетқызы  
Комиссия хатшысы – Кокежанова Раушан Бейсенбекқызы  
Комиссия мүшелері: Балықбаева Гүлнар Құдайбергенқызы, Тұрғанбеков Балтабек Советбекұлы, Саудабекова Асем Қанатбекқызы, Қысайбаева Раушан Байниязқызы

**№16 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Қарашілік ауылы, Қастекбаев к-сі, №7 "А", "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарашілік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тел.: 8 (72832) 29539.

Комиссия төрағасы – Байметенова Ләззат Жамалиқызы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Қастекбаева Салтанат Тұрсынқызы,  
Комиссия хатшысы – Қалиева Гүлбақыт Қайратқызы  
Комиссия мүшелері: Махмутов Ильяс Ардақұлы, Наваев Қыдырбек Нұрахметұлы.

**№19 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Б. Сырттанов ауылы, О.Жандосов к-сі, 1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тел.: 8 (72832) 50192.

Комиссия төрағасы – Құсмолдина Махаббат Нұрмұхамбетқызы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Құрымбаев Берікбол Сембайұлы  
Комиссия хатшысы – Тілеуқенова Айгүл Әлиқызы  
Комиссия мүшелері: Абдрахманова Әсел Манатқызы, Солтаков Серік Бекмұханұлы.

**№20 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Қопа ауылы, Балтабай к-сі, 1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шоқан Уалиханов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тел.: 8 (72859) 21520.

Комиссия төрағасы – Әбілмәжінов Қуанышбек Советбекұлы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Барханбаев Кенжебек Рахымғалиұлы  
Комиссия хатшысы – Қалибекова Назерке Кенжебайқызы  
Комиссия мүшелері: Әлімбекова Маржан Набидолдақызы, Немеребай Гүлнұр Екпінқызы.

**№7 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША****№4 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Көкөзек ауылы, Алтынсарин к-сі, 1, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қуат Терібаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тел.: 8 (72832) 28836.

Комиссия төрағасы – Әбішев Кенжебек Қакеұлы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Бапышева Зүлфия Мәулетқызы  
Комиссия хатшысы – Демекеева Гүлнар Түрсекеңқызы  
Комиссия мүшелері: Әбілсейтов Олжас Әбілсейтұлы, Солтанбаева Айнұр Ілібекқызы

**№21 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Ақсу ауылы, Айсеркенов к-сі, 13, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мамания орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тел.: 8 (72832) 24150.

Комиссия төрағасы – Дүкенов Ыбрай  
Комиссия төрағасының орынбасары – Молдағалиев Алмас Төкенұлы  
Комиссия хатшысы – Бақасова Әсем  
Комиссия мүшелері: Құмарова Ардақ Нұртайқызы, Баяхметова Назгүл Қодарқызы

**№22 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Көкжайдақ ауылы, А. Жиенбаев к-сі, 13 "А", "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шолақөзек бастауыш мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығын қосқанда, тел.: 8 (72832) 27219.

Комиссия төрағасы – Жұмағалиев Болат Біржанұлы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Мұқашев Болатбек Тұрарұлы  
Комиссия хатшысы – Ақсамбаева Перизат Торғауытқызы  
Комиссия мүшелері: Рамазанова Салтанат Жұмабекқызы, Смағұлова Нәзгүл Жұмаханқызы

**№23 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Шолақөзек ауылы, Қосағаш к-сі, 2, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шолақөзек бастауыш мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығын қосқанда, тел.: 8 (72832) 27166.

Комиссия төрағасы – Құмарова Құралай Сейтқалиқызы  
Комиссия төрағасының орынбасары – Рахышева Алмагүл Егеубекқызы  
Комиссия хатшысы – Бимолданова Меруерт Есқалиқызы  
Комиссия мүшелері: Нурбаев Айдынбек Тәңірбергенұлы, Уркимбаева Гүлсанат Шаймерденқызы

**АКСУСКАЯ РАЙОННАЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ**

Центр: село Жансугуров, улица Желтоқсан, 5 "В", тел.: 8 72832 29102.

Председатель комиссии - Байболов Берік Турлыевич  
Заместитель председателя комиссии – Нұрзолдинова Баян Қыдырқожахановна  
Секретарь комиссии - Жұмагелдиева Индира Жұмагелдықызы  
Члены комиссии – Әділбаев Ерсултан Мұратұлы, Исанова Орал, Койшыбаева Кеукер Нуртаевна, Оразғалиева Сая Адбиевна.

**ОКРУЖНЫЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ КОМИССИИ ПО ВЫБОРАМ ДЕПУТАТОВ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА**

**Избирательный округ №6:** с. Сағабүйен, ул. Абылайхана, 26, Сағабүйенский сельский дом культуры, тел.: 8 (72832) 50096.

Председатель комиссии – Мылтықбаев Сайлаубек Нурмекенович  
Заместитель председателя комиссии – Күзембаев Руслан Аскерович  
Секретарь комиссии – Жұманов Елдос Жанарысұлы  
Члены комиссии: Сакмолдин Жанат Турарбекович, Муқанова Самал Токтаровна.

**Избирательный округ №7:** с. Ақсу, ул. Айсеркенова, 13, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа Мамания с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу», тел.: 8 (72832) 24150.

Председатель комиссии – Ахметова Сауле Ануарбековна  
Заместитель председателя комиссии – Муздыбаева Бақытнұр Курмашевна  
Секретарь комиссии – Турсатаев Жанат  
Члены комиссии: Калашева Мадина Нуркамаловна, Кангалаков Санжар Жумабаевич.



**Аксуская районная территориальная избирательная комиссия публикует составы участковых избирательных комиссии по Аксускому району и сообщает, что время работы избирательной комиссий с 09:00 до 18:30, перерыв с 13:00 до 14:30**

**СОСТАВЫ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ ЗАДЕЙСТВОВАННЫХ НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ****ПО ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №6****Участковая избирательная комиссия №15**

Центр: с. Сағабүйен, ул. Абылайхана, 26, Сағабүйенский сельский дом культуры, тел.: 8 (72832) 50092.

Председатель комиссии – Базарбаева Кульжан Оспановна  
Заместитель председателя комиссии – Амирова Айгүл Айтмұхамбетовна  
Секретарь комиссии – Кокежанова Раушан Бейсенбековна  
Члены комиссии: Балықбаева Гульнар Кудайбергеновна, Турганбеков Балтабек Советбекович, Саудабекова Асем Канатбековна, Кысайбаева Раушан Байниязовна.

**Участковая избирательная комиссия №16**

Центр: с. Карашилик, ул. Кастекбаева, 7 "А", коммунальное государственное учреждение «Карашиликская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу», тел.: 8 (72832) 29539.

Председатель комиссии – Байметенова Ляззат Жамалиевна  
Заместитель председателя комиссии – Кастекбаева Салтанат Тұрсынқонова  
Секретарь комиссии – Калиева Гульбакыт Кайратовна  
Члены комиссии: Махмутов Ильяс Ардақұлы, Наваев Кыдырбек Нұрахметович.

**Участковая избирательная комиссия №19**

Центр: с. Б. Сырттанова, ул. О.Жандосова, 1, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Гани Муратбаева с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу», тел.: 8 (72832) 50192.

Председатель комиссии – Құсмолдина Махаббат Нұрмұхамбетовна  
Заместитель председателя комиссии – Құрымбаев Берікбол Сембаевич  
Секретарь комиссии – Тлеуқенова Айгүл Алиевна  
Члены комиссии: Абдрахманов Асель Манатовна, Солтаков Серік Бекмұханович.

**Участковая избирательная комиссия №20**

Центр: с. Копа, ул. Балтабай, 1, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Шоқана Уалиханова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу», тел.: 8 (72859) 21520.

Председатель комиссии – Әбілмәжінов Қуанышбек Советбекович  
Заместитель председателя комиссии – Барханбаев Кенжебек Рахымғалиевич  
Секретарь комиссии – Калибекова Назерке Кенжебаевна  
Члены комиссии: Әлімбекова Маржан Набидолдаевна, Немеребай Гүлнұр Екпиновна.

**ПО ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №7****Участковая избирательная комиссия №4**

Центр: с. Көкөзек, ул. Алтынсарина, 1, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Куата Терібаева с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу», тел.: 8 (72832) 28836.

Председатель комиссии – Әбішев Кенжебек Қакеевич  
Заместитель председателя комиссии – Бапышева Зүлфия Мавлетовна  
Секретарь комиссии – Демекеева Гульнар Түрсекеңовна  
Члены комиссии: Әбілсейтов Олжас Әбілсейтович, Солтанбаева Айнұр Илибековна

**Участковая избирательная комиссия №21**

Центр: с. Ақсу, ул. Айсеркенова, 13, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа Мамания с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу», тел.: 8 (72832) 24150.

Председатель комиссии – Дүкенов Ибрай,  
Заместитель председателя комиссии – Молдағалиев Алмас Токенович  
Секретарь комиссии – Бақасова Асем  
Члены комиссии: Құмарова Ардақ Нуртаевна, Баяхметова Назгүл Кодаровна

**Участковая избирательная комиссия №22**

Центр: с. Көкжайдақ, ул. А. Жиенбаева, 13А, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Абая с дошкольным мини-центром» включая начальную школу Шолақөзек с дошкольным мини-центром государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу», тел.: 8 (72832) 27219.

Председатель комиссии – Жұмағалиев Болат Біржанович  
Заместитель председателя комиссии – Мұқашев Болатбек Турарович  
Секретарь комиссии – Ақсамбаева Перизат Торғауытқонова  
Члены комиссии: Рамазанова Салтанат Жумабековна, Смағұлова Назгүл Жумахановна

**Участковая избирательная комиссия №23**

Центр: с. Шолақөзек, ул. Қосағаш, 2, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Абая с дошкольным мини-центром» включая начальную школу Шолақөзек с дошкольным мини-центром государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу», тел.: 8 (72832) 27166.

Председатель комиссии – Құмарова Құралай Сейтқалиевна  
Заместитель председателя комиссии – Рахышева Алмагүл Егеубековна  
Секретарь комиссии – Бимолданова Меруерт Есқалиевна  
Члены комиссии: Нурбаев Айдынбек Тәңірбергенович, Уркимбаева Гүлсанат Шаймерденовна

## ЕСКЕ АЛУ



«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған», - деген хакім Абай ағамыздың даналық сөзі ойға еріксіз оралады. Өмірге саналы ұл, салықалы қыз өкеліп, бақытты да берекелі дәулетті жануя жұрған, туған – туысқа жанашыр бола білген ағамыз **ТОҒЫЗБАЕВ ҚАНҒАЗЫ**, жеңгеміз **АУБАКИРОВА ШАКЕТАЙДЫҢ** өмірлері жерлестеріне үлгі болып қалғаны анық.

Жарқ етіп жанып, ертерек сөнген мен үшін жұлдыз ағайымның қайырымдылығы, жаны жайсаң жеңгеміздің мейірімділігі, жарқын бейнелері есімнен кетпейді.

Болмасаңдар да бүгін біздің арамызда, Жанашырлық, туыстық сезімдерің әлі де жатталады. Өздеріңізбен араласқан, сырласқан өткен күндер, Жадымызда мәңгілік сақталады.

Алдарыңызда – пейіш, арттарыңызда – кеніш болсын!

Сағына еске алушы: Закира НҰРЫШҚЫЗЫ.

## БЖЗҚ YouTube арнасында

Григорий Александрович Марченкомен эксклюзивті сұхбат

2023 жылы Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылғанына 25 жыл толады.

Осы ширек ғасыр кезеңді қорытындылай келе, біз БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасында отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізін қалаушы, әзірлеуші тұлғалармен, сарапшылармен болған сұхбаттар топтамасын жариялауды бастаймыз. Олар жинақтаушы зейнетақы жүйесінің іргетасын қалап, оны дамытуға белсене қатысты.

21.08.2023 ж. бастап Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің сәулетшілерінің бірі Григорий Александрович Марченкомен сұхбаттың бірінші бөлімін тыңдаңыздар.

БЖЗҚ YouTube-арнасына берген эксклюзивті сұхбатында Григорий Александрович сонау 1996-1997 жж., ортақ жүйенің банкротқа ұшырап, зейнетақыны төлеу бойынша кідірістердің алты айға дейін созылғанын, ал зейнетақы төлемі бойынша жалпы берешек шамамен \$0,5 млрд болған кезде зейнетақымен қамсыздандырудың жүйесін жаңа тәсілмен реформалаудың қажеттілігі туындағанын еңгімелеп кетеді. Бұл ұрпақтар

ынтымақтастығы қағидатын әркімнің зейнет жасындағы материалдық қамтамасыз ету бағытындағы дербес жауапкершілігіне ауыстыруды көздеген қадам болатын.

Реформаға дейін үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Көптеген елдердің зейнетақы жүйелерінің түрлі үлгілері зерделенді. Нәтижесінде олардың оң тәжірибесі мемлекеттен төленетін базалық және ортақ зейнетақыны, сондай-ақ, салымшылардың жеке міндетті және ерікті жарналары есебінен қалыптасатын жинақтаушы құрамдауышты қамтитын қазақстандық көп деңгейлі зейнетақы жүйесін қалыптастыру кезінде ескерілді.

Григорий Александрович Марченконың толық сұхбатын төмендегі сілтеме бойынша көре аласыздар: <https://www.youtube.com/watch?v=GkSqV7xsX6w>

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты әрі пайдалы ақпарат алу үшін БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасына жазылыңыздар.

**Мәди БАЙДҮЙСЕН,**  
«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының Операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы жетекші маманы.

## ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУҒА ТАРТЫЛҒАН САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

**№6 сайлау округі бойынша**  
№15 сайлау учаскесі.  
Орталығы: Сағабүйен а., Абылайхан к-сі, 26, Сағабүйен ауылдық мәдениет үйі.  
Шекарасы: Сағабүйен, Сағакүрес ауылдары.

**№16 сайлау учаскесі.**  
Орталығы: Қарашілік а., Қастекбаев к-сі, 7 "А", «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарашілік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.  
Шекарасы: Қарашілік ауылы.

**№19 сайлау учаскесі.**  
Орталығы: Б. Сырттанова., О. Жандосов к-сі, 1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.  
Шекарасы: Б. Сырттанов ауылы.

**№20 сайлау учаскесі.**  
Орталығы: Қопа а., Балтабай к-сі, 1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шоқан Уалиханов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.  
Шекарасы: Қопа ауылы.

**№7 сайлау округі бойынша**  
№4 сайлау учаскесі.  
Орталығы: Көкөзек а., Алтынсарин к-сі, 1, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қуат Терібаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.  
Шекарасы: Көкөзек ауылы.

**№21 сайлау учаскесі.**  
Орталығы: Ақсу а., Айсеркенов к-сі, 13, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мамания орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.  
Шекарасы: Ақсу, Казсельхозтехника, Қазақстан, Өнім ауылдары.

**№22 сайлау учаскесі.**  
Орталығы: Көкжайдақ а., А. Жиенбаев к-сі, 13А, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шолақозек бастауыш мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығын қосқанда.  
Шекарасы: Көкжайдақ ауылы.

**№23 сайлау учаскесі.**  
Орталығы: Шолақозек а., Қосағаш к-сі, 2, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шолақозек бастауыш мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығын қосқанда.  
Шекарасы: Шолақозек ауылы.

## ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ УЧАСТКИ ЗАДЕЙСТВОВАННЫЕ НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

**По избирательному округу №6**  
Избирательный участок №15.  
Центр: с. Сағабүйен, ул. Абылайхана, 26, Сағабүйенский сельский дом культуры.  
В границах: с. Сағабүйен, с. Сағакүрес.

**Избирательный участок №16.**  
Центр: с. Карашилик, ул. Кастекбаева, 7 "А", коммунальное государственное учреждение «Карашиликская средняя школа с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».  
В границах: с. Карашилик.

**Избирательный участок №19.**  
Центр: с. Б. Сырттанова, ул. О.Жандосова, 1, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Гани Муратбаева с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».  
В границах: с. Б. Сырттанова.

**Избирательный участок №20.**  
Центр: с. Копа, ул. Балтабай, 1, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Шоқана Уалиханова с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».  
В границах: с. Копа.

**По избирательному округу №7**  
Избирательный участок №4.  
Центр: с. Кокөзек, ул. Алтынсарина, 1, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Куата Терібаева с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».  
В границах: с. Кокөзек.

**Избирательный участок №21.**  
Центр: с. Ақсу, ул. Айсеркенова, 13, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа Мамания с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».  
В границах: с. Ақсу, с. Казсельхозтехника, с. Казахстан, с. Оним.

**Избирательный участок №22.**  
Центр: с. Кокжайдақ, ул. А. Жиенбаева, 13А, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Абая с дошкольным мини-центром» включая начальную школу Шолақозек с дошкольным мини-центром государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».  
В границах: с. Кокжайдақ.

**Избирательный участок №23.**  
Центр: с. Шолақозек, ул. Косағаш, 2, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Абая с дошкольным мини-центром» включая начальную школу Шолақозек с дошкольным мини-центром государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу».  
В границах: с. Шолақозек.

## "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" тағайындау

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек дегеніміз - бұл шартсыз және шартты ақшалай көмек түрінде белгіленген айлық табысы кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға мемлекет тарапынан ақшалай нысандағы төлем.

Шартты ақшалай көмек – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына және қажет болған жағдайда әлеуметтік бейімдеу шараларына табысы аз отбасылардың міндетті қатысуы шартымен оларға ай сайынғы және

біржолғы ақшалай төлем нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі.

Шартсыз ақшалай көмек келесі тұлғаларға көрсетіледі:

- 1) Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларына қатысуға мүмкіндіктері шектеулі жалғыз басты және жалғыз тұратын аз қамтылған тұлғаларға төмендегі себептер бойынша:
  - зейнеткерлік жасқа толуына;
  - бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігіне;
  - екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты.
- 2) құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ және барлық еңбекке жарамды отбасы мүшелері бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын, екі айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі белгіленуі мүмкін аурулары бар, және келесілерге күтім жасауды жүзеге асыратын аз қамтылған отбасыларға:
  - үш жасқа дейінгі балаға;
  - мүгедек балаға;
  - бірінші немесе екінші топтағы мүгедекке;
  - қарттар;

• бөгде адамның күтімі және көмегіне мұқтаж.

Жалғызбасты немесе жалғыз тұратын аз қамтылған тұлғаларға, сондай-ақ құрамында еңбекке жарамды мүшесі бар аз қамтылған отбасыларға, оның ішінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға олар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысқан жағдайда көрсетіледі.

Кедейлік шегі - бұл атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін анықтау үшін критерий ретінде белгіленетін бір адамның ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті табыстардың шегі.

Кім атаулы әлеуметтік көмек ала алмайды: ҚР «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңына сәйкес төмендегілердің атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы жоқ:

- табысы аз болып табылмайтын отбасыларға;
- еңбекке қабілетті мүшесі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан отбасыға – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан күннен бастап 6 ай бойы;
- алушының кінәсі бойынша бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарт бұзылған

және әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайларда, отбасыға – атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға өтініш жасаудың алдындағы 6 ай бойы;

• атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін жалған мәліметтер және анық емес құжаттар берген отбасыларға – оларды ұсынған күннен бастап 6 ай бойы;

• материалдық жағдайын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша дайындалған учаскелік комиссияның қорытындысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек беруге мұқтаж емес отбасыларға тағайындалмайды.

**Атаулы әлеуметтік көмек мөлшері**  
«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңына сәйкес бір адамға немесе отбасына атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін отбасының әрбір мүшесі есебінен орташа жан басына шаққандағы табыс және облыстарда белгіленген кедейлік шегі арасындағы айырмасы түрінде уәкілетті орган есептейді. Отбасының құрамы және табыстар өзгерген жағдайда тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері қайтадан есептеледі.

Ал, өтініш беруші 10 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін өзгерту үшін негіз болуы мүмкін мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.

Жан басына шаққандағы орташа табыс қалай есептеледі:  
Атаулы әлеуметтік көмекті алуға үміткер

тұлғаның жиынтық табысын анықтау атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасалған кезде ұсынылатын құжаттардың және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтердің негізінде жүргізіледі.

Отбасының жиынтық табысына белгіленген уақыт кезеңі ішінде ақшалай немесе заттай нысанда алынған тұрғын үй көмегі мен атаулы әлеуметтік көмегінен, сондай-ақ, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді іс-шараларына қатысу шеңберінде мемлекеттік қолдау іс-шараларынан басқа табыстың барлық түрлері қосылады.

Әкімдіктер өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып келесілерді кіріс бермейді деп айқындауға құқылы: үй малы, құсы, жер учаскесі.

Жан басына шаққандағы орташа табыс әлеуметтік көмек тағайындау үшін өтінішті берген тоқсанның алдындағы тоқсанда алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу арқылы есептеледі.

Мансап орталығының стандартқа сай көрсететін мемлекеттік қызметі:

1. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау»;
  2. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатынын растау туралы анықтама беру».
- Қорыта айтқанда, мансап орталығында арнайы Е.gov бұрышы орналасқан. Жеке адамдарға электрондық цифрлы кілтпен «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» алатынын растау туралы анықтама алуға мүмкіндігі бар.

**Д.АХМЕТОВА,**  
мансап орталығының консультанты.

# Мерекелік арнайы бет

## САРА ТАСТАНБЕКҚЫЗЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 170 ЖЫЛ!



теріс екен,  
Алқабы арық, тоған, егіс екен.  
Жаратқан жан бергенге  
дән берген ғой,  
Жегенім сол жерімнің жемісі  
екен», –  
деп ата - тегін, өскен жерін  
толғағаны.

Енді жаңа оқу жылы басталғанда ауылымыздағы Мамания орта мектебінің оқушыларына әр сынып бойынша ай сайын кездесу жасап, мұражайға саяхат өткіземіз. Олар бұл жерден тек Сара апамыз жайында емес биылғы мерей той иелері, Ақсудан шыққан тұлғалардың да өмір деректерімен танысады.

Мұражай қызметкерлері бір жылға құрылған жоспар бойынша жұмыс жасап, қатысушылардың білім деңгейін арттыруда көптеген жұмыстар атқарып

## САҢЛАҚ САРА

Биыл жерлесіміз, ақын апамыз Сара Тастанбекқызының туғанына - 170 жыл. Ауданымызда осы мерекелі датаға байланысты көптеген шаралар өтіп жатыр. Күні ертең аудан орталығында өтетін «Жер жанаты - Жетісу» атты ауданымыздың мәдениет күні де осы ақын апамыздың мерей тойымен орайластырылған.

Біздің Ақсу аудандық І.Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейі де осы мерейлі датаға байланысты «Саңлақ Сара» тақырыбында арнайы бұрыш ашып қойды. Оқушылар жазғы демалыста болғандықтан жаздай ауылға келген қонақтар мен ауыл тұрғындары ғана мұражайға атбасын бұрып, ақын апамыздың өмірдерегімен танысты. Біз оларға Сара Тастанбекқызының өзіміздің жерлесіміз, өзіміздің ауылдың қызы екенін мақтана айтамыз. Оған дәлел Сара апамыздың мына өлең жолдары болады: «Көкжайдақ» туған жерім,

келеді. Ақын апамыздың өмірімен танысқыларыңыз келсе біздің мұражайға келіңіздер.

Ақын Сараның Біржан салмен айтысы ісі қазаққа мәлім. Сара апамыздың әйел теңдігі «азаттыққа» ұмтылып бекігенін, ақындық өнерінің дәріптелуі туралы Азынақұлұлы Ахмет ақын:

...Елдегі жігіттерді ақынсымақ,  
Айтысшыл, әбиүрсіз,

батыр сымақ,  
Қатты айтып, қарсы келсе

қателерін,  
Жаныштап тастайтуғын

батыл сынап.  
Алдынан адам шықпай

бара-бара,  
Сайрады Сара топта жеке дара.

Найманның тұғырдағы

бұлбұл құсы,  
Атанды ақырында ақын Сара

– деп жырлаған. Міне осындай дарындар шыққан Ақсу топырағы киелі ғой.

**Ардақ ҚҰМАРОВА,**  
мұражай қызметкері.

## Таулы керуен

Қарашы, төпсең төрде  
«шоғыр тасым».  
Төменге иіп қапты, бұжыр басын.  
«Қабан сай» аңғарымен  
жылжи ағып

Су - бұлақ төрбетеді  
шөптер басын.

Ерінген, толқын қарбат су ішінде.  
Бармақтай тас құлайды су күшіне.  
Кей жері құлай аққан «сарқырама»  
Бірін бірі ұғып жатыр шын түсіне.

Жалбызы, қоға құрақ  
тербелгендей.

Мамырлап баяу аққан суға еңдей.  
«Кім бар ау, кім бар ау» - деп  
басын изеп,

Бір қонып, бір ұшады,  
шымшық көлбей.

Шілік тал - мың бау болып  
тамырланып.

Қалыпты топырағы қамырланып.  
Ескісі қожыр-қожыр «ақсеңкі» боп,  
Қабығы қайырылыпты,  
сағырланып.

Жон бетте қосақталған  
«қос қой» тасың.

Қына, мүкке шашыратқан  
«арша» шөшін.

Көркіне көп көрім бір ажар қосып  
Жасапты тасты бетке,  
көз бен қасын.

Табиғат үйіп берген, тауға сурет.  
«Алқам - салқам» тау келбетке  
көзді үйрет.

Жол түзуін ұнатпаған тау бұлағы  
Арна ізін жасап алған қылып ирек.

Неше қатар, қатар - қатар  
таулы керуен.

Марал, киік, аю, арқар қылар  
серуен.

Тізіле тізбектелген тау батырым,  
Сүрген өңір, тамаша ғой,  
пай - пай дәурен.

Тізіле сапқа тұрған, неше қатар.  
Арша, шырша тау жонына  
сапты шаһар.

Сәлделі тау батырдың найза ұшы  
Төге ме, айналаға айбат - қаһар.

Не қыламын басқа елдің биіктерін.  
«Шоқысын», тіптен кезген  
киіктерін.

«Мұзбұлағым» өзімнің көкте басы,  
Қызықтырмас, «Гималай,  
Тибеттерің».

Арынды Ақсу өзен, Бүйен суым.  
Сағынам ұзап кетсем,  
судың шуын.

Тігілер, бүркей қымтай  
бұлт шалсада,  
Алатау шың басына кеңіл туым.

**Мұхаметсапа ҚАУЫСОВ.**  
Суықсай - Талдықорған.

## Ақсу ауданына тағзы бір қуаныш келді

Ауданымыздың азаматы Еңбек ауылының тұрғыны «Қазақстан республикасының құрметті азаматы», «Қазақстан ақын жыршылар одағының мүшесі», ауданымыздың айтыскер бас ақыны бірнеше медальдардың иегері Атамбаев Бекболат осы жақын арада Астана қаласында министрлікте үлкен марапатқа ие болды. Жерлесімізге «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер» атағымен бірге «Ерен еңбегі» үшін медалі қоса тапсырылып, жинақ кітабына енді. Осымен қатар арнайы дипломдар табысталды. Кезінде Қазақстанның қаншама облысында айттысып, жүлдесіз қайтқан жерлері жоқ. Сонымен қатар Алаш азаматы «Каз ССР-на еңбегі мұғалім» атағын Жетісу да бірінші болып, алғашқы адам, Қапал уезінде үкімет орнатқан адам Мәкей Еркінбековті жетпіс жылдан соң зерттеп жарыққа шығарған, ерен еңбектері бағаланып, үлкен марапатқа ие болды.

Сөзімнің соңында әрқашанда осындай елім деген азаматтар шыға берсін,-дегім келеді.

**Ербол ӘБДІКӨРІМҰЛЫ.**

**СУРЕТТЕ: Бекболат Атамбаев. Марапатау сәтінен көрініс.**



## XXXII ЖАЗҒЫ АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА



Ауданымызда спортты дамыту, ауыл жастарын спортқа баулу мақсатында Ақсу ауданының бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізу орталығының ұйымдастыруымен Е.Сиқымов атындағы орталық стадионда «Спорт күні» мерекесіне арналған XXXII жазғы аудандық спартакиада өтті. Жарысқа әр ауылдық округтен 237 спортшы қатысты.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімі Берік Тынышбаев сөз сөйлеп спортшыларға сәттілік тіледі. Сөз соңында аудан әкімі Берік Тынышбайұлы ауданымыздың спорт ардагерлерін мерекелерімен құттықтап алғыс хатпен марапатады.

Ашылу салтанаты өткен соң спортшылар жарыстың өтетін жерлеріне байланысты бөлінді. Спорт бөсекесінің бағдарламасына сәйкес Е.Сиқымов атындағы орталық стадионда шағын футбол, стритбол, эстафетаға жүгіру сияқты спорт түрлерінен жарыс болса, Ақсу политехникалық колледжінің спорт залы мен Ақсу ауданының балалармен жасөспірімдер спорт мектебінде ұлдар мен қыздар волейбол ойнады.

Ойын нәтижесінде шағын футболдан

Жансүгіров жастары I орын, Кеңжыра жастары II орын, Басқан жастары III орынды иеленсе, Стритболдан Қызылағаш жастары I орын алаң иелері, яғни, Жансүгіров жастары II орын, Қаракөз жастары жүлделі III орынға қол жеткізді.

Волейболдан ұлдар арасында Қаракөз жастары ерекше көзге түсіп, I орынды иеленсе, Қарасу жастары II орынды, Ақсу ауылының жастары III орынды жеңіп алды. Ал, қыздар арасында Жансүгіров ауылының арулары мықтылығын көрсетіп, I орын алса, Егіңсу ауылының қыздары II орынды, Жаңалық ауылының қыздар командасы III орынды қанжығалады.

Эстафетаға жүгіруден бірінші және екінші орынды Жансүгіров ауылы иеленсе, III орыннан Ойтоған ауылының жүйріктері көрінді.

Жарыс жоғары деңгейде өтіп, нәтижесінде мықтылар анықталды. Жеңімпаздарды Ақсу ауданының бұқаралық спорттық іс - шаралар өткізу орталығының жетекшісі А.Сауғанбаев пен аудан әкімінің орынбасары К.Даулетбекова медаль, кубок және дипломдармен марапатады.

**Ербол СЫМХАНОВ.**

● САПАСЫ ЖОҒАРЫ ПЕСКОБЛОКТАР САТЫЛАДЫ. ХАБАРЛАСЫҢЫЗДАР: 87075124433.

"АҚСУ Өңірі"  
Меншік иесі - ЖШС  
"Ақсу өңірі" газеті"  
Құрылтайшы, директор -  
бас редакторы  
**ҚАСЫМБЕКОВА**  
**ЛӘЗЗАТ**  
**ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан  
Республикасы  
Инвестициялар және  
Даму Министрлігі  
Байланыс,  
ақпараттандыру  
және ақпарат  
комитеті 2015 жылғы  
16 қараша айында  
есепке қойылды. Күзлік  
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған  
мақалалар авторының пікірі редакция  
көзқарасы болып табылмайды.  
Мақалалар өңделеді, авторға  
қайтарылмайды.  
Жарнама, хабарландырулар, арнау,  
құттықтаулардың мазмұны мен  
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,  
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ  
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
Ақсу ауданы,  
Жансүгіров ауылы,  
Желтоқсан көшесі, №5 "В",  
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488  
Осы шығарылымның  
таралымы 1858

Директор - бас редактор  
- 2-12-90,  
жауапты хатшы  
- 2-12-90.

Электрондық пошта:  
aksuoniri@mail.ru  
Газеттің ресми сайты  
aksuoniri.kz

Индекс: 65750  
Офсеттік басылым көлемі 26 т.